
84.5К,23
3-96

Еслəм Зікібаев



Өмір-бəйге

39914

Еслəм Зікібаев

Өмір-бəйге

Өлеңдер, толғаулар, поэмалар

ББК 84 Каз 7-5
З 96

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі
Т.А. Мансұровтың қолдауымен шығарылды

Құрастырған: Ж.Қ. Сүлейменов

З 96 **Есләм ЗІКІБАЕВ**
ӨМІР – БӘЙГЕ. ***Өлеңдер, толғаулар, поэмалар.*** – Астана: "Фолиант", 2007. – 248-бет.

ISBN 9965-35-135-X

39914

Көзі тірісінде оқырманға оннан артық жинағын ұсынып, жырсүйер қауымның ыстық ілтипатына бөленген белгілі ақын, публицист Есләм Зікібаевтың бұл кітабына таңдамалы өлеңдері мен толғаулары кезінде орыс тіліне аударылған еңбектері топтастырылды.

З 4702250202
00(05)-07

ББК 84 Каз 7-5

012

© Ж.Қ. Сүлейменов,
құрастыру, 2006
© «Фолиант» баспасы, 2007

ISBN 9965-35-135-X

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

АҚҚУ – ҒҰМЫР

Кез келген ақын туралы өткен шақта сөз сабақтау қиын. Өйткені ақынның аты өлмейді. Уақыт қандай ұшқыр десек те, отты да ойлы жырларымен оқырмандарының жүрегіне жол тапқан, поэзия деп аталатын сырлы әлемнің төріне туын нық тіккен ақындардың кескін-келбетін де, артына қалдырған асыл сөздерін де көмескілей алмайды. Осындай сырлы сезімдерге толы, отты да ойлы жырларымен халқының жүрегіне терең ұялаған аяулы ақындарымыздың бірі – Есләм Зікібаев.

Есләм Зікібаев тума талант, жыр айдынына есейіп барып ескек салса да, есесін жіберген жоқ. Жыр бәйгесі атты ұлы додада басқалардан қара үзіп кетпесе де өз оқырманын тапты, оларды талғампаздығы мен тереңдігіне тәнті етті.

Әуелі "Егемен Қазақстан", "Жетісу", "Ұлан" сияқты басылымдарда журналистік жұмыс атқарып, өзінің қарымды қаламгер екенін танытып, қыруар тәжірибе жинақтаған Есләм кейінгі ширек ғасырда ат басын бірыңғай жырға бұрып, өндірте еңбек етті. Осы уақыттың ішінде онға жуық өлеңдер кітабы жарық көрді. Осыларды аудара қарап, ақтара шолып шыққанда Есләм ақын және табиғатынан тума ақын деген бір ғана тұжырымға тірелесің. Оның үстіне

кейбіреулердей саусағын сорып отырмай, қара сөзде де, өлең сөзде де төгіліп, егіліп кететін ақын.

Кешегі Абай, Мағжан, Қасымдардың
Артында қалған ұшқын жасыннанмын, –

деп өзі жырлағандай, адамдық пен адалдықты ту етіп, аққу арманын аялап өткен ақынға жалғандық пен жалтақтық жат. Есләм Зікібаев көп ақынның бірі емес, жыр көшін бастаған жүйріктер шоғырында ойып алар орны бар, азаматтық үні асқақ ақын.

Өлең – ақынның өмірі, сыры, шыны, қуанышы, сүйініші, реніші, мұңы, қысқасы қаламгердің сөзі – өзі. Осы ақиқатты Есләм Зікібаев та жақсы түсінген. "Қанша жармассаң да, жүйріктің жалынан үнемі айрылмаймын дегенінмен, бір күні сусып сауырынан сыпырылып түсеріңді білесің. Фәнидің алдамшылығын ілгерілі-кейінді талай ғұлама ақындарымыз айтып өткен. Алдағы ең үлкен бағалаушым – сөз қадірін ұғатын ел-жұртым болса, басты мұрат сол" деуі содан.

Ел жүрегінде сақталатын, аты қалған ақын болғандықтан, Есләм Зікібаев есімін ауызға ала тұрып, оның артында қалған азды-көпті мұраларын зерделеп, тілеулес оқырманы ретінде әдебиетімізден алатын орнын бағалау парыз.

Әдебиетіміздің тарихынан білетініміздей, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап қазақ топырағында кейін үлкен ақындар болып толысқан бір шоғыр дарындар шықты. Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырзалиев, Жұмекен Нәжімеденов, Кәкімбек Салықов, Тұманбай Молдағалиев, олардан сәл кейін жерлесіміз Есләм Зікібаев өлең өлкесіне орда орнатты.

Осы дарындар ұлы көшті бастап қазақ жырына жаңа екпін, соны леп әкелді. Бұл көшкеруеннің ішінде біз сөз етіп отырған Есләм Зікібаевтың да орны бөлек екенін оның оқырмандары жақсы біледі.

Әдебиетімізде ағалардың інілерге көз қырын салып, жақсысын жақсы, жасығын жасық дейтін жанашыр лебізі болғаны қандай ғанибет. Қалай дегенмен де сол ірі ақындардан, ағалардан лайықты бағасын алу ақынды қанаттандырады, терісін түзеп, дұрысын дамыта түседі. Осы ретте Есләм Зікібаев шығармашылығына арнап айтылған мына лебіздерді сырт қалдыра алмаймыз.

Әдебиетіміздің ақсақалдарының бірі, марқұм Әбділда Тәжібаев:

"Есләм менің ойымда жүрген дәмелі, үміт артатын інілерімнің бірі болғандықтан, оның "Ақ қайнар" деген атпен топталған өлеңдерін шын ықыласпен оқып шықтым. Жинақта барлығы 85 өлең бар екен. Бір жерге бас қосқан осыншалық көп өлең оқушысын "тойдырмайды", үнемі бірінен соң бірі тартып отырады. Әрбір жырдың өз әуені, өз сыры бар. Есләм тақырып жағынан кілең жаңалық айтады деу қиын. Бірақ бізге мәлім тақырыптардың өзі де Есләмша жырланып, жаңғырып отырады. Өйткені талантты ақынның өленді поэзиялық дәрежеге көтеретін өнері көп, аспаптары мол" десе, жерлес ағасы, қазақтың ғұлама ғалымдарының бірі Евіней Бөкетов: "Ақ қайнарыңды" алғалы недәуір болды, кітаптың ықшамдылығы қандай жақсы – бірді-екілі қалтама салып жиналыстарға да бардым – сөйлеушілердің сөзі жалпылама болса, "Ақ қайнарға" үңіліп отырдым. Үлкен рахмет! Жазғандарыңды жүрекпен, тебіреніспен жазады екенсің, бұл ақындықтың шын белгісі ғой. Талабың өсіп, шабытың ұлғая берсін. Ақын інім табылғанына қуанып та жүрмін" – деген ақ тілек арнайды.

Ал, Есләмнан сәл үлкендігі бар ақын Қадыр Мырзалиев:

"Есләм күй таңдайтын, бап тілейтін ақын тәрізді. Оның сирек жазатыны да содан шығар. Өткен ғасыр өкілдерімен салыстырғанда қазіргі заман қаламгерлері шабыт жөнінде сиректеу айтады. Бұрын шабытты дарын иесінің өзін мүлдем ерекше алымды сәттері деп түсінсе, бүгінде кейбір ағайындар оны жұмыс процесі ғана деп ұғады. Есләм біздің байқауымызша, алғашқы топты қалайтын тәрізді.

Ақын менен шабыттың жаны бірге,
Шабыт өлсе, ақын да өлді деп біл! –

дейді ол. Есләм шабытының жемісі – "Ақ қайыңдар".

Сөз жоқ, ақынға берілген анық та ақық баға. Марқайтады, көңілді өсіреді, қанат бітіреді. Оның үстіне бұл лебіздер Есләмнің алғашқы "Ақ қайнар", "Ақ қайыңдар" сияқты жыр жинақтарын оқығаннан кейін айтылған пікірлер.

Ал, Есләм содан бері де ондаған жаңа жыр жинақтарын шығарып, өленді өндіре жазды. Өзі айтқанындай, оның жырына шабыты үнемі жан бітіріп отырды.

Есләм ақындығының астарын аңдау қиын емес. Оны оңай түсінуге болады. Алайда жыры оңайлықпен жазылмағаны әбден аңғарылады. Ақын қиыннан келістіріп, кестелі өрнек таппайынша жанына маза жоқ екенін сезесің. Соның арқасында тамсандыратын таңсық өлең, дәмді жыр қолыңа тиеді. Ақын үніне зер салшы, қандайлық екпін, өрлік, қуат барын аңғарасың.

Халқым – Әкем,
Мөлдірім! Тұнығым да!
Құдірет-күш жатқандай бұл ұғымда.
Әкем барда ақиық қырандаймын,

Тастұлекпін тұлеген тұғырымда.
Халқым – Барым,
Ұлы Анам! Ұлы Бабам!
Өрем биік, шалқыған құбылам ән.
Өтсін жылдар жел қанат зымыраған,
Қорқыныпшты болмайды бірі маған.
Халқым барда, мен әлі жас сәбимін,
Халқым барда, жас ару жырым әман!

Есләм – туған жер, Отан, Ел, халық ұғымын асқақ ұстанған ақын. Ол табаны жерге тиіп тұрғанда жауы жеңе алмайтын алып Антейдей зор қуатқа ие болып шыға келеді. Өйткені, осы ұғымдардан зор күш-қуат, жігер, пәрмен даритынын біледі.

Оның өлеңдерінде жасандылық жоқ. Есләм оқырманына да, міншіл сыншыларына да осы қасиетімен жаққан ақын.

Тағдыр мені әкетсе де қайда алып,
Туған жерге ораламын айналып, –

дегені оның көрегендігі емес пе.

Оның балауса жырларына ағалық ақ тілегін арнағандар жас Есләмнің жасамыс ақынға айналарын аңдаған ғой. Соны айғақтағандай, Есләм лебізі зор екенін көтерген тақырыбы, қозғаған ойы, бұларды жыр тілімен әшекейлеп, мәнерлеп беруінен табамыз.

Қия алмай қызығып көргенім,
Түс пе едің армандай, өң бе едің.
Сағынып, сарылып шөлдедім,
Аяулы ауылым – Өрнегім!

Есләмнің Өрнегі – кіші Отаны. Ұлы Отан саналатын Қазақ еліне деген бүкіл махаббаты осы жерден басталады. Сонда Есләм жыры сарқырама сынды кері бұрылмайтын тасқынға,

зор қуатты ағынға айналып кетеді. "Дана – халық", "Дала – жұмақ", "Отанның қадірін білер ме" дегендей тақырыптардағы өлеңдері өрлік, туған елді әспеттеу, перзенттік парыз сынды зор қасиеттерді қастерлейді.

Есләм қандай бір ақын сияқты көңіл-күйдің пернесін баспай кете алмайды. Оның лирикасы – тұнып тұрған көңіл сыры. Қуанышы, қайғысы, шаттығы, наласы алдыңнан атойлап шығады. Қуанып та қалатын, қуарып та қалатын кезін өлеңімен өрнектеп, бірде өзіңді қуантып, бірде мұңайтып, түрлі сезімге бөлейді.

Оның үстіне Есләм өлеңді айырықша сезімталдықпен жазатындықтан, елтіп, оның сол көңіл күйіне елігіп, ере бересің.

Таусылып татар дәмім көреріммен,
Ерте-кеш пе, әйтеуір өлемін мен.
Сол күндер кім болғаным айтылады
Шежіре – өмір сыры өлеңіммен, –

дегені соның дәлелі емес пе.

Бір күніме бір күнім,
Ұқсамайды, бір ұқты?
Жай-күйімді білді кім,
Жанымды кім жылытты?

Осындай жырлардан соң ақын жанының азабын қалайша сезбессің.

Иә, Есләм сынды қарымы айрықша мол, шабыты шалқар, өлеңі өрнекті де кестелі, сезім көкжиегі зор ақынның барлық мұрасын бір ауыз сөзге сыйғызып бағалау қиын және де ол мүмкін де емес. Аз айтасың, жеріне жеткізбегендей, көңілің толмай тұратыны да содан.

Осындай дарындылықтың астары оның туған жерінің, біздің асыл өңіріміздің табиғи тектілігінен бе дейсің. Өйткені, осы ақ қайың-

дар мен көгілдір көлдер тұнған тамаша өлкенің өр перзенттері жеткілікті ғой. Ұлы Мағжан, Сәбең мен Ғабең, Сафуан сияқты алыптарымыздың нәр алған жерінің жалғасты ұрпағы болып Есләм жыр әлемінде жалындай жарқырап өтті.

Ертең той, әрі балаң, әрі ақын боп,
Біріндей шырағыңның жанатын көп,
Ұшар ем дауылдардың арасымен,
Көңілім – құс, эттең дүние-ай, қанатым жоқ! –

деп Есләмнің өзі жырлағандай, оның өзі арамызда болмаса да, рухы жүргені анық!

Есләм жырларының бір топтамасын "Әз ағалар, жанашыр ақылшылар" деп айдарлағаны оның дүниеден өткен немесе көзі тірі ірі ақын ағаларына, өзі тәңірдей табынатын таланттарға арнаған ыстық ілтипатын сездіреді.

Әсіресе, ұлы Мағжанның ақталуы, оның жырларының халқына қайта оралуы Есләм жүрегінің кілтін тауып, шабытының дариясын шалқытып жіберген. Ол өмірде ешқандай дарын иесінің, әсіресе ақынның өзінің алдындағы айдарлы алыптарсыз жұлдызы жарқырамайтынын сезгендей жырлайды. Ақын "Дүние жалған" атты жыр жинағында Мағжанға арналған інжу-жырларының бір шоғырын лағылдай жарқыратып жайып салған. "Ұрпақтан ұрпақтарға кетеді атың", "Биік тұрсың бәрінен", "Мәңгілік аты – Мағжан ән", "Әлдиле, өлім, әлдиле" дегендей бірнеше сүбелі өлеңдерін ұлы ақынға арнайды.

Тіршіліктің жүрсе де еміп нәрінен,
Құтылмайды тәңірінің кәрінен.
Өлгеніңмен "Өмір сүріп" жүргеннің
Көкте Күндей биік тұрсың бәрінен,
Мағжан аға, олар сенен әлі кем, –

десе,

Жасарып арман,
Жасанып алған сән далам,
Көгінде – қыран,
Жерінде жыр-ән самғаған.
Бабаларым мен бабаларымды жалғаған,
Оралды қайта мәңгілік аты Мағжан-ән,
Есілдің бойы тебіреніп бүгін, тербеліп,
Шырқаған сәтте қосылып тұрғандай
барғалам!–

деп толғанады.


Ұлы ақынға арнаған келесі жырында оның ізімен торыққандай болып, алайда томаға-тұйық қалмай "Әлдиле, өлім, әлдиле" деп Мағжанша қайта жырлайды. Осылайша ойын ақтара келе:

Қандай мұң бар жаныңда, ән-күйіңде,
Өлмес жырың еліңмен мәңгі бірге.
Қазақ барда сен барсың, Мағжанаға,
Тербеле бер өлімнің әлдиінде!
Өлім күйі – тәтті күй,
Балқысын жаны бал күйге.
Ұйықтасын жаны тербеліп,
Әлдиле, өлім, әлдиле! –

деп өленді екпінді сезіммен тәмамдайды.

Есләмнің осы сезімі аға ақындарға деген зор ілтипаттан, інілік махаббаттан жаралғаны айдан анық. Ақынның сезімді селт еткізер, жүрекке шуақ ұялатар жырлары жүректі толқытады, ойға шуақ, бойға қуат құяды. Оқи бересің, әсерлене түсесің.

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ



ӨЛЕҢДЕР



САҒЫНДЫМ, ӨРНЕК

Сағындым, Өрнек,
Сағындым сені, аяулым,
Сағыныш кейде түсірер жанға қаяу-мұң.
Өзіңнен асқан мекен-жай бар деп білмеймін,
Дүниенің маған көрсетсе-дағы қай ауылын.

Сұлу да емессің,
Таласқан көкпен тауың жоқ.
Майысып тұрған миуалы бақша-бауың жоқ.
Ерекше біткен болмысыңды да айта алман:
Алардай көздің жауын! – деп.

Аумағың болса,
Ауыз толтырып айтар ем,
Бірақ та сені таппаймын іздеп картамен.
Сонда да маған
Өзіңнен ұлы жер жоқтай,
Өзіңе қарап тұрған секілді жарты әлем.

Сағындым, Өрнек,
Мен үшін өзің ерексің,
Шалғайда-дағы жүресің дәйім жебеп шын.
Қысылсам-дағы,
Қуансам-дағы ерексің,
Асылы сенен артық ауылдар көп шығар,
Бірақ та саған не жетсін
Бірақ та саған не жетсін.

АРМЫСЫҢДАР, АНАЛАР

Армысыңдар, Аналар?
Қалайсыңдар –
Бас иген ақ бас құздар, арай шыңдар.
Батырға күш,
Ақынға шабыт берген
Сендерді ақын жыр етпей қалай шыдар!

Мен де сондай арманшыл бір ұлыңмын,
Жеткенінше, аз-көп пе, ғұмырымның.
Жырлап өтем Ананың әз арманын,
Жырлап өтем Ананың ұлылығын.

Жылытсам деп келемін Ел – Отанды,
Ақ тілеулі Аналар, бер батаңды.
Өздеріңдей шуақ боп құйыламын,
Нұрға ораймын солайша жер-жаһанды.

Сол үшін мен әлемдегі Аналардың
Махаббатын,
Мейірімін қалап алдым.
Қалап алдым жылуын көздерінің –
Ондай күшті басқадан таба алар кім?

Кім білмейді Ананың қасиетін,
Алдына ажал – зұлымдық бас иетін.
Есті түгіл,
Әумесер есерің де –
Тынып тыңдар оның бар өсиетін.

Абзал жүрек Аналар!
Армысыңдар?
Барлығың да есен-сау бармысыңдар.
Сендер менің жанымды нұрға ораған
Арманымдай кіршіксіз мәңгі шыңдар.

Армысыңдар, Аналар?
Қалайсыңдар,

Көлегейлеп күн көзін қарайсыңдар.
Ақ тілеу,
Ақ махаббат,
Пәк сезімді
Ту еткен арайсыңдар –
Сендерді ақын жырламай қалай шыдар.

ӘКЕ ӨСИЕТІ

Әкем ылғи айтатын:
Іс түскендей болса, балам, басыңа
Жұрт көзінше жасыма.
Сумаңдаған сырт көздерге сыр берме
Сынамаққа келсе-дағы қасыңа.

Бәлкім олар аяған боп досыңдай,
Қиын сәтте осындай
Бермек болар қол ұшын.
Тек бетіңнен тая көрме сол үшін,
Қиналсаң да өт сын-көпірден тосылмай.

Аяулың да,
Асылың да –
Ар-намысың,
Алдырма!
Оны алдырсаң, тиянақ жоқ алдында.
Ар жолында өзің өлсең, өліп кет,
Азабын да,
Мазағын да көріп тек.
Бірақ, балам, алда мені,
Артта өзіңнің ұлыңды
Мәңгі ұятқа қалдырма.
Үй салғандай іргетасын мықты ғып,
Мұны әкеме өз әкесі ұқтырып,
Айтқан екен,
Мен де ұлыма осы сөзді қалдырам,
Үрпақтардан үрпақтарға жалғасатын құт біліп!

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

2-64

ӨЛЕҢ ЖАЗУ...

Өлең жазу –
Әрі азап,
Әрі бақыт.
Ойларыңды жия алмай,
жамыратып.
Кей түндері сыр аулап,
кірпік ілмей,
Қалғанын да білмейсің таңың атып.

Өлең жазу–
Әрі азап,
Әрі бақыт,
Басқа өмірден кірмейді жадыңа түк.
Шабытсыз шақ жандырып тозағына,
Шабытты шақ жіберер жадыратып.

Өлең жазу –
Әрі азап,
Әрі бақыт
Кейде сезім серпілер.
Жалын атып.
Кейде бір сөз келмейді орайыңа,
Қалғандай-ақ бойына қаны қатып.

Өлең жазу –
Әрі азап,
Әрі бақыт,
Сезімімді әлдилеп,
Ән уатып.
Көтерілер көңілдің күн шуағы –
Ойласаңыз, осының бәрі уақыт.

Өлең жазу –
Әрі азап,
Әрі бақыт,
Нысанадан алғандай бәрін атып,

Қандай жақсы оралсаң ой-сонардан
Өзіңді де,
Өзгені жадыратып.
Қызыл арай нұрланып, таңың атып.

Өлең жазу –
Әрі азап,
Әрі бақыт!

ҚАЛДЫРЫП ЖАСТЫҚ ЖАҒАНЫ

Ақжол толқындар жағаны жатыр ұрғылап,
Жартасқа соғып.
Бір шапшып көкке,
Бір құлап.
Алыста –
Айдын төсінде жалғыз жел қайық
Кетіп барады сағымға батып, бұлдырап.

Қарап тұрмын мен –
Көріністен сонау көз алмай,
Толқынмен ойнап,
Делебем кей сәт қозардай.
Жел қайықпенен жүргендей бейне сезінем,
Айдын бетінде алау-арманнан оза алмай.

Тербетіп солай тағдыр – өзеннің толқыны,
Кім білсін,
Мына тірлікте қанша толқыдық.
Ризамын бірақ,
Ризамын әр кез өмірге
Арнамды дәйім,
Арманға қойса толтырып.

Осынау сәттер –
Толқын тербеген қас қағым,
Оралып ойға:
Балауса шағым,
Жас шағым,

Келеді мына айдындағы үлкен өмірді
Жағалаудағы жартастан қайта бастағым.

Барады қайық,
Қайрылмай кетіп барады.
Ағады өзен,
Өмір де бірге ағады.
Солармен бірге –
Барамын мен де ілесіп,
Қалдырып жастық жағаны,
Қалдырып жастық жағаны.

БАҚЫТТЫМЫН

Шыным,
Сырым,
Жарылғаным ағымнан,
Мен бұл күйден қайтіп,
Қашан арылам.
Сенсең жаным,
Сенсең, сені күніне
Күніге мың көріп жүріп сағынам.

Күлермісің,
Амалым не –
Күлсең күл,
Тілерім тек,
Көңіліңді шын сендір.
Көрінеді төбем көкке тигендей,
Көз алдымда аққуым боп жүрсең кіл.

Бұл азапқа төзбедің не,
Төздің не –
Көңіл ояу,
Тарс жұмулы көз мүлде.
Сезімімді бере алмайтын секілді,
Құдіреті «Ғашық» деген сөздің де.

Тәңір мені айырмасын барымнан,
Сағым сынып,
Тауым кейде шағылған.
Қиын екен,
Қиын екен бәрінен
Күніне мың көріп жүріп сағынған.

Кешір, жаным,
Артық кетсем өлшемнен,
Буырқанды көңіл деген көл селмен.
Бақытымын өмір бойы өзіңе
Сағынышым сарқылмастан өлсем мен!

СЕНІ КӨРМЕСЕМ...

Алатауымдай баурайы майса, жоны қар –
Мына ғұмырдың тарам да тарам жолы бар.
Сан тарау соқпақ сабылтып жүріп,
Кейде адам
Бірімен-бірі ойда жоқ жерде жолығар.

Біздер де солай,
Тосыннан тосын жолықтық,
Беймәлім әзір, қуандық, әлде торықтық.
Сыр жасырмайтын жәудір көздер-ақ
сөйлесті,
Сенсіз – мен,
Менсіз сен жоқ екенсің,
Соны ұқтық.
Әрине қиын сезімнің жүгін көтерген
Сырымды сыртқа жайып алдым-ау бекер мен,
Ризамын, қалқам, сонда да болса тағдырға,
Сені көрмесем,
Арманда бәлкім кетер ме ем.
Күтіп жүргендей бақыт боп келер таңды алда,
Сені көрмесем,
Кетер ме ем шыннан арманда.

Ризамын, қалқам, ризамын осы тағдырға,
Сенің барыңды білдірген мына жалғанда.

ДАЛА МЕКЕНІ

Ассалаумағаләйкүм, Дала мекен,
Мен сені сүйем елден ала бөтен.
Жолға шықсам,
Жабырқап қалмайын деп,
Бір уыс топырағыңды ала кетем.

Ала кетем алысқа өзімменен,
Таусылмасын сағынып төзім деген.
Кәдуілгі жолсерік болады ол
Беймаза сәттерімде көз ілмеген.

Көз ілмеген шақтарда сыр ақтарып,
Көрінеді ол туған жер сияқтанып.
Айтқаныма сенбесең,
О, бауырлар,
Сағынып көр аулыңды жырақ барып.

Жырақ барып ойлап көр ауылыңды,
Ата-анаңды,
Ағайын,
Бауырыңды...
Көз алдыңа келеді тізбектеліп,
Өзен, көлі,
Тасы мен тауы күллі.

Ақ қайыңдар –
Айға ашқан алақанын,
Ақша гүлдер –
Қарсы алған дала таңын,
Көз алдыңа келеді тізбектеліп,
Қаз, үйректер өргізген балапанын.

Құрбыларың –
Жайнаған қыр гүліндей,
Қызғалдақтар қырмызы
Нұрлы күндей.
Өз ортаңда осынау қасиетіңді,
О, туған жер,
Қалайша жүрдім білмей.

Заңғар таулар
Тұратын мұз бөктеріп,
Көз алдыңнан өтеді тізбектеліп.
Соның өзін сағыныш самалыңмен
Аймалайсың алыстан іздеп келіп.

Міне, солай,
Мен үшін Дала мекен,
Сүйем оны өзгеден ала-бөтен.
Қайда жүрсем жанымды жылытсын деп,
Бір уыс топырағын ала кетем.

ҮЙҚЫҢ, ЖАНЫМ, ҚАНДЫ МА?

Шырқ айналып терезеңнің алдына
Бұлбұл қонды,
Үйқың, жаным, қанды ма?
Тәтті әуенмен тамылжыған таңдағы
Жүрегімнің сағынышы барды ма?

Алаулаған ақ жанымдай
Таң мына,
Саған, қалқам, сәуле түсіре алды ма?
Түсіре алса,
Сол сәуледей мөп-мөлдір
Менің тұнық махаббатым бар мына.

Бұлбұл әне,
Тербетеді әнменен,
Албырайды,
Балбырайды бал денең.

Жанындағы сұлулықтың шын сырын
Ұғына алмай жүр ме екенмін әлде мен?

Тербеткенде,
Тебіренткенде құс келіп,
Тәтті ұйқыда жаттың ба әлде түс көріп,
Аялаған әнші құсқа қызығып
Үш бұрылдым,
Терезеңе үш келіп.

Шырқ айналып терезеңнің алдына,
Әнмен тербеп манаурағаң таңды да,
Бұлбұл қонды –
Жүрегімнің жаршысы
Тұршы, жаным,
Ұйқың әбден қанды ма,
Ұйқың әбден қанды ма?

СЕНСІН ЕЛІҢ

Балам!
Сен мінекей жоғары білім алдың,
Тек ойлама:
Деп енді тынығармын.
Ізденбесең, інжуін бермейді өмір
Алдыңда әлі
Шыңдалып, шыныға күн.

Арайлаған алау нұр таңың мына,
Сындырмасын қиындық сағыңды да.
Аялаған анаңдай,
Әмбе әкеңдей –
Еліңе бер барыңды,
Бағыңды да.
Тірлігіңнің алда атар таңы қанша,
Мерей – Елің ерім де тани алса.
Әке сөзі –
Жадыңда сақта, балам,

Сенің бағың –
Еліңнің бағы жанса.
Өмір солай үйреткен сырын маған,
Жан-тәніңмен осыны ұғын, балам,
Елің сүйсе,
Ерсің сен еңсең биік,
Ел сүймесе...
Атама,
Күнің қараң.
Әке сөзі –
Жадыңда сақта, балам!
Жаманнан без,
Жақсыны жақта да әман.
Ерім деп емірене сенсін елің,
Ер емес –
Ел сенімін ақтамаған.

ЖАЙЫМДЫ СҰРАМА, АНА

Қалайсың деп жайымды сұрама, ана,
Мен емеспін кешегі бұла бала.
Ойшыл етіп жіберген бұл күндері
Зеңгір аспан,
Шет-шексіз мына дала.

Қалайсың деп жайымды сұрама, ана,
Артық кетсем, айыптап сынама да...
Еркелеуді кейде өмір көтермейді,
Ара түсер сен жоқсың бұл арада.

Айтары не,
Келмесе, келсе де әлім,
Тағдырын көп ойлаймын мен солардың.
Мен солардың саулығын тілеп жүрем,
Өйткені сол саулықтан енші аламын.

Мақтаушы ең ғой қайыспас қайсарды көп,
Арамзаның бетін бір қайтарды деп.

Соның бәрін енді ұқтым,
Үйретті өмір
Балаң қазір кеткендей байсалды боп.

Айта алмаймын,
Нені ұқтым, нені ұқпадым,
Өмірден көп сырлардың көріп бәрін.
Кейде опық жеген де кездерім бар
Алдамшының сөзіне сеніп қалып.

Темірқазық мен үшін пәктік деген,
Содан болар
Ісім көп нақ бітпеген.
Аңғалдықпен алданған кездеріме
Енді есеп беріп жүрмін сақтықпенен.

АСАУ

Ат үйрету
үлкен өнер әлі де,
Жел бітірер жасты қойып, кәріге.
Ауыздықпен арпалысқан асауға
Ер салсам дер тамам жұрттың бәрі де.

Батыл болып көрінуге құмар ел,
Батыр болып көрінуге құмар ел,
Өзіңе-өзің сенсең ғана ондайда,
Білегіңді сыбан-дағы шыға кел.

Екпінімен құлататын тауды да,
Асау-асау алған ерді бауырына.
Ондай кезде сен де асау бол, жігітім,
Жалтақтама,
Аңсарың шын ауды ма.

Кең далада ылдиы бар,
Өрі бар...
Асау қандар арашасыз жолығар.

Қардың басын қар алады дегендей
Сонан соңғы әуселесін көріп ал.

Малда да бір кезігеді марқасқа,
Бәлкім оны байқамайсың алғаш та.
Ал, ол сені салған жерде-ақ таниды,
Жасық болсаң,
Ат жалына жармаспа.
Аптығын шын басам десең жүйріктің
Жалпақ жонда құйындай бір құйғытқын.
Сонда ғана ол құдіретіңе бас иіп,
Тағзым етер тартқанына бұйрықтың.

Бас қамшыны,
Тақымыңды қыс-тағы,
Көрген жанның қансын көңіл құштары.
Елестесін дүйім елге сол замат
Жас асаудың пырақ болып ұшқаны.

Орал содан ұзақ жолда алданбай,
Тақым жазып,
Құмарың бір қанғандай.
Өмір – жарыс,
Жазығында көсіліп,
Асау-дағы,
Сен де үйреніп қалғандай.

МЕН ҚОРҚАМЫН

Мен бақыттан қорқамын баяны жоқ,
Мен шабыстан қорқамын аяңы жоқ.
Мен қорқамын достықтан,
Бір жауықса,
Дұшпаннан да қауіпті
Аяры жоқ.

Баянсызы бақыттың мастандырып,
Болар дәйім тұрғандай аспан күліп.

Сондықтан да қорқамын алдап соғып,
Кете ме деп бірде жер жастандырып.

Ұшқыр сезім қиялмен жарысқанда,
Мен қорқамын тоқтаусыз шабыстан да.
Аяңы жоқ болған соң жүйрігің де,
Жеткізе алмас армандай алыстарға.

Даналықпен дәуірден асқан ұдай,
Бабаларым айтқан ғой баста былай:
«Қас ойламас қасқыр да жолдасына,
Дос болып, қастасқаннан сақта құдай».

ӨМІР БӘЙГЕСІНДЕ

Көңіл – көл,
Бір тұнығы шайқалмаған,
Сырым көп,
Тек жеткізіп айта алмаған.
Балалық
Балдәуренім екенсің-ау,
Кезінде соның бәрі байқалмаған.

Өткеннің өкінішін айтар ма адам,
Кезінде соның бәрі байқалмаған.
Табиғат, білейін шын мәрттігіңді,
Бір сәтке балалығым қайтар маған.

Қайғысыз,
Қамсыз жүрер кездерімнің,
Қадірін жігіт болған кезде білдім.
Жылдардың зымырауын сезбей қаппын,
Жанында еркелеумен жезде – күннің.

Зулайды қалай-қалай мына күндер,
Уақыт жоқ бұрынғыдай бұламын дер.
Алайын озғандарды қуып жетіп,
Қайыспас қас батырдың шыдамын бер.

Кемедей жағалаудан алыстаған
Қазірде көп қызығың қалыс маған.
Енді ешкім балалыққа баламайды,
Хақым жоқ жасауға ешбір шалыс қадам.

Қанатын бер сұңқардың самғайтұғын,
Тұяғын бер тұлпардың талмайтұғын.
Қалпым бар ұлы өмірдің бәйгесінде
Бір озбасам құмарым қанбайтұғын.

ӘН – ҚҰДЫРЕТ

Ән жоқ жерде
Көңілдің сәні де жоқ секілді,
Ән жоқ жерде
Өмірдің мәні де жоқ секілді.
Жабырқаған жаныңды жадыратар заматта –
Құдырет бар бұл әнде,
Құдырет бар не түрлі.

Біздің қазақ ән десе,
Асын жерге қоятын.
Шаршы топқа ән келсе,
Ішпей-жемей тоятын.
Қиялыңды көтеріп қияндарға бір сәтте,
Сезіміңді сергітіп, жібереді оятып.

Біле алмадым,
Осынша
Әнге құштар неге тым?
Бір-екі адам қосылса,
Соған кезек беретін.

Қайғысын да әуелі
Әнмен айтып жеткізер.
Алуан-алуан әуені
Көңілдерге екті зер.

Сәбиді де жылаған
Әнмен тербеп уатты.
Әннен бізде, сірә да
Ештеңе жоқ қуатты.

Табысқанда тілектер –
Алтыбақан тербеліп.
Ұғынысқан жүректер
Әнге тағы берді ерік.

Болса дәйім жарқын күн
Ән оралды ойыма.
Ән басқарды халқымның
Қуанышын,
Тойын да!..

СЕЗБЕДІҢ БЕ?

Алай-дүлей кездерімде
Сездің бе сен жайымды,
Сезбедің бе?
Ондай сәтте,
Өтінем, сала көрме,
Мінезімді сезімнің безбеніне.
Тағы өтінемін,
Егер шын сүйген болсаң,
Ада-күде сен менен безбе мүлде.

Күдер үзіп сен менен,
Жасыма тым,
(Айта көрме, жоқ әсте тасыр атым)
Сәттерім бар кейде бір ашынатын,
Сәттерім бар бір бұрқап,
басылатын —
Соңынан түк көріп,
түк болмағандай
Қайтадан ашылатын.

Алай-дүлей кездерімде
Ойлай көрме салам деп тезге мүлде,
Асқындырып аларсың одан бетер,
Бәрі де бір мұршам жоқ өзгеруге.
Не жұмбақ бар қарақат көздеріңде,
Ішке сақтап қайтесің, айтшы, жаным,
Сездің бе өзің осыны,
Сезбедің бе?
Сырым жоқ жан-пендеден жасыратын,
Өзімді басқалардан асыратын.
Табиғат солай бәлкім жаратты ма,
Айтып жүр ғой:
"Кетеді, — деп, —
кей-кейде тасып ақын".
Сәл сабыр ет мен десең,
Қасиеттім,
Ақтарылса,
тоқтамас тоғандаймын,
Ақтүтек,
Алабүлік борандаймын
Бір буып басылатын,
Заматта айдай болып ашылатын.

ДОМБЫРАМЕН СЫРЛАСУ

Сені іздедім,
Жаным бір жабыққанда,
Сені іздедім,
Жалғыз қап жалыққанда.
Сені іздедім,
Шынымды айтайын деп,
Сенен басқа сырымды жан ұққан ба?

Кей сәттерде көңлімді елендеген,
Еш пендеге еш жерде еленбеген.
Тез ұғушы ең,
Сыралғы серігім сен —
Сол сырымды елге айтып берер деп ем.

Қос ішегіңнен қосылып күй ақтарған,
Бір сыр ұғып отырмын,
сияқты арман.
Бабалардың бағызы өнерінен
Өлмейтұғын өзіңдей тұяқ қалған.

Біліп елдің жақсыға шөлдейтінін,
Тұяқ қалған өзіңдей өлмейтұғын.
Жабырқаған көңілімді көтерсем деп
Сені іздеймін,
Жабықсам, көрмей тыным.

Қияс тартып,
Халықтан шеттемеген,
Өнер тілін өмірі шектемеген.
О, ғаламат!
Құп-құйттай болып алып,
Көкірегің кен еді неткен ерен?!

Өнер тілін өмірі шектемеген,
Өресізден зар-запа шекпе деген.
Ұлылардың ұрпаққа өсиеті
Құдырет боп,
Күш болып жеткен ерен.

Шежіредей шер төккен күніге мың,
Зар заманның үзілмес үні ме едің?
Ханға естірткен қаралы хабарыңды,
Қайран қалып тыңдайды тынып елім.

Бұлт үйіліп,
Төбеңнен төніпті аспан,
Шыдамсыздар шығандап, өліп қашқан.
Ерлер болса,
Есін тез жиып апты,
Адуын айбарыңнан «Көбік шашқан».

Толтырып күллі әуенін дүниенің
Тағдырдың бізге берген сыйы ма едің.

Қашанғы қуанышы, қайғысымен...
Тұрғандай тар кеудеңе сыйып елім.

Дегендей:
Шер-мұңымды қозға тағы,
Көңілдің қыл көпірін қоздатады.
Айрылған ботасынан бейбақ ана,
Мезгілсіз «Бозінгенді» боздатады.
Айналайын,
Қадірлім,
Қасиеттім,
Кейде бір әкелсең де қасырет-мұң.
Арамзаны аяусыз басып өттің,
Адал жанды өмірге ғашық еттің.

Сыр ашсам деп тағы бір ақтарыла,
Сені іздедім,
Жабыққан шақтарымда,
Сені іздедім,
Жалыққан шақтарымда,
Көңілімнің көрінбес көгершінін
Қондырғайсың шабыттың бақтарына,
Сыр ашайын армансыз ақтарыла.

ҚАЙЫҚТА

Мүлгіген орман айнала,
Отырмын жардың шетінде.
Жылжиды қайық жай ғана
Көгілдір көлдің бетінде.

Күн сүйген қыздың тамағы,
Кіршік жоқ аппақ етінде.
Тербетіп қайық барады,
Көгілдір көлдің бетінде.

Ойнатып қызды төсінде,
Барады қайық жорға ағып.

Білмеймін өзім,
осым не,
Жанымды кетті-ау өрт алып.

Әлі жүр көлдің бетінде,
Ескегін жаймен аударып.
Шама жоқ тұрып кетуге
Жүрегім қалыпты-ау ауланып.

ҰЛЫММЕН ӘҢГІМЕ НЕМЕСЕ ТУҒАН ЖЕР ТУРАЛЫ

Қарағым-ау!
Мені туған жазира дала мынау,
Алқабы егін жайқалған,
Алабы – бау.
Төсіндегі көп көлдер мөлтілдеген
Құралайдың қарақат жанары ма-ау?

Кетпесем де шығандап, шалқып бірден,
Кезім жоқ жеңілді іздеп,
қалқып жүрген.
Қиында да қиялап жолға шыққам,
Қаршадайдан ат жалын тартып мінгем.

Демеймін:
Басқалардан артықпын мен,
Қуанам еңбек етсем балқып бір дем.
Сол еңбектің арқасы,
Ұғын, балам,
Кездерім шаттықпенен шалқып күлген.

Тербеп тұрған ойы мен қырда дәнін,
Сыры да,
Жыры да ... көп бұл даланың.
Әкеме атам айтыпты,
Мен әкемнен
Талай-талай аңызын тыңдағанмын.

Тыңдағам да,
Кеудеме құйып алғам,
Талай-талай тарихтың сыйы қалған.
Бабамызды қаншама қан қақсатып,
Сергелдеңмен сенделткен күйік-арман.

Кездер болған құтынан жұты басым,
Бір мәрте ұтсаң,
Мың мәрте ұтыласың.
Тағдыр салған қыл бұрау
Тақымыңа
Батады,
Қайда барып құтыласың?

Кей жылдары алапат өрттен жаман,
Аштық пенен айықпас дерт жайлаған.
Қайда апарып құярын біле алмаған,
Ерлерінің жанында кек қайнаған.

Кек қайнаған,
Өн бойын ыза буған,
Елес-арман алдаған,
Қыза қуған.
Талай мәрте құлаған қапылыста
Құтылам деп тағдырдың тұзағынан.

Құтылам деп мерт болған.
Тұра алмаған,
Адастырған сан соқпақ бұраңдаған.
Шыңға шығар кезінде шығандаған
Шырғалаңнан шырмалып шыға алмаған...

Тар қапаста тас тағдыр бабамызды
Бір емес,
Екі де емес...
Мың алдаған,
Өміріңе сабақ ал бұдан, балам.
Мына дала –
Сол дала. Қара, күнім!

Көкірегі шер-шемен,
Жанары мұң,
өткізген жер жеті атаң балалығын.
Енді міне дүниені дүбірлетіп,
Жеткізген жер Замана даналығын.

Мына дала –
Сол дала. Қара бүгін,
Құшағына толтырып лала гүлін
Өткізген жер әкең де балалығын.
Жыр еткен жер,
Қолынан түлеткен жер
Қиығында күлкі ойнап жанарының.
Қара бүгін сол жерге.
Қара, күнім!

Көрдің бе, әне,
Менің де құрдасым жүр,
Көрдің бе, әне,
Сенің де құрдасың жүр,
Әке-бала бізге ұсап сырласып жүр,
Құлақ қойып азырақ тыңдашы бір.
Жас-көріге уақыты,
Бақыты ортақ –
Дүниені түлеткен тың ғасыр бұл.

Екеуі де ақ дәнді сапырады.
Екеуі де ақ дәмге шақырады.
Теңіз болып телегей жатыр әне,
Дән-дария толқыған атырабы.

Бұл далада жігіт боп гүл де тергем,
Бұл даланы суарғам күнде термен.
Он сегізде –
Өзіңдей өндір кезім,
Тыңға келгендерменен тың көтергем.

Тың көтергем,

Тың жерге түрен салғам,
Іркіп қалмай барымды түгел салғам.
Білгің келсе әкеңді,
Ең алдымен
Сұрап ал ана отырған Түген шалдан.

Түкеңнің дүрілдеген жас күні еді,
Бір колхоз –
Төрт ауылдың бастығы еді.
Сөзге ұста,
Ақылға кен, әрі икемді,
Қолы да бір кісідей бас біледі.

Дер шағы.
Домалап тұр тасы да өрге,
Сонда да қыр көрсетпес тасып елге.
Әр істі дөңгелентіп жіберетін
Тіл тауып көрісімен, жасымен де...

Бәлкім ол баласынды әлде мені,
Көп сөйлеп, кейбіреуше сәндемеді.
Есімде:
– Жолдамамен оқытамыз,
Әзірше тіркеуші боп бар, – дегені...

Иә, солай,
Тіркеуші боп тың игердім,
Тілгілеп тілерсегін шиыр жердің.
Несіне жасырайын,
Алғашқыда
Құлан аспас қиядай қиын көрдім.

Әрі тарих,
Әрі бұл өмірбаян,
Бәрі шындық –
Ете алман жоғын баян.
Сүтпісірім таңдарда ұйқым қанбай
Жүргенім бүгінгідей көңілге аян.

Өмірбаян,
Мен елмен тың көтердім,
Тірліктің несібесін күнде тердім.
Әкем маған үйреткен қаршадайдан:
"Ел мерейін өсіру – міндеті ердің!"
Жиырма бес жыл –
Қысы бар, жазы да бар,
Тыңда туған қаншама қазына бар.
Талай-талай көңілде базына бар –
Әні де бар,
Таусылмас сазы да бар.
Кеудем менің күйсандық жазып алар.

Дұрыс, балам, ұғынып, түсінгенің,
Теңіздегі тамшыдай ісім менің.
Мақтана алам сонда да,
Молшылықты
Қолмен көтергендердің ішіндемін,
Ер намысын ешқашан түсірмедім.

Жан емеспін керіліп күй таңдаған,
Біліп жүрсін кей мұңдар қиқандаған.
Нан бар жерде ән барын жастай ұққан,
Сенің әкең, ұялма, диқан, балам!

Қазірде де білемін нан қадірін,
Нан өмірдің үзігін жалғады мың,
Нан жоқ жерде байлықты таңдады кім?
Өзің үшін алдымен дән сеуіп ал,
Бұла күшің бойында барда, күнім!

Алқабы, егін жайқалған,
Алабы – бау,
Бас еншің – атамирас дала мынау.
Осы жердің қасиетін түсіне алсаң,
Қор болмайсың өмірде, қарағым-ау,
Түсіне алсаң, жарадың,
Жарадың-ау!

Заулап әлі-ақ өтеді сері күнің,
Жастықтың да басарсың желік үнін.
Менің де әкем айтулы диқан еді,
Дейтін болсын ертең күн сенің ұлың,
Ұқтыра алсаң...
Ғанибет тегі мұның.

Ұзақ жолда жақсы да,
Жаман да, бар,
Ұлым!
Ұлың алдымен саған қарар,
Жеті атамнан қалған жер саған қалар,
Дән себер диқан-баба аман болса,
Айналайын далам да аман болар,
Аман болар!

БЫЛҒАРЫ ЕТІК

Жылдар өтіп барады зымыраған,
Әжем ылғи айтатын мұны маған.
Жастықтан ба,
Алаңсыз мастықтан ба,
Ұқпайды екен көп сөздің сырын адам.

Бала күнде көп көрдік таршылықты,
Соғыс ерте шыңдады,
Ар шынықты.
Өмір деген еріксіз әкеледі,
Көз алдыңа бүкпесіз бар шындықты.

Жүректерді балауса қыс қармады,
Асыл арман мұқалды –
Ұшталмады.
Сол қалпымен біржола оралмады,
Балалықтың біздерден ұшқан бағы.

Ақпандағы Арқаның қысы қандай,
(Кейбіреулер қалар ма түсіне алмай?)

Азаматты аязы қалтыратып,
Ақ бораны атанды ұшырардай.

Өңменіңнен өтеді желкемі де,
Ішер тамақ,
Киімнің кем тегі де.
Жыртық етік,
Өлең шөп ұлтарағы.
Айтсам қазір ұқсайды ертегіге.

Таң азаннан кетеміз сабан іздеп,
Жанымызда жазылмас жарамыз көп.
Ойламаймыз сонда да томпаң қағып,
Үсіп-тоңып бір жерде қаламыз деп.

Құлақтардың сан талай тыз еткені,
Жыртық-жамау етіктен сыз өткені...
Бәрі-бәрі есімде бүгінгідей,
Болмасақ та жауынгер күзеттегі.

Ес жинадық –
Кетті көп жылдар өтіп,
Шынар болдық бұл күнде шыңға бекіп.
Әйтсе-дағы сол бала күндегідей
Кигім келіп тұрады былғары етік.

АРҚАҒА

Биігім,
Ұшқан ұям – Арқа менің,
Думанға, мерекеге дархан елім.
Жанымның жалындаған сағынышын
Өзіңе сыйға балап тарта келдім.

Төсімде көктемгі әсем қызғалдағың,
Өмірдің өр шыңына жүзді арманым.
Бойыма асылыңды бердің құйып,
Сен менен ештеңе де қызғанбадың.

Па, шіркін!
Көрікті еді дала қандай,
Сұлулық
Бәрі өзінен тарағандай.
Кетер ме қиып тастап қайтқан құс та,
Артына қайта айналып қарап алмай.
Ұлыңмын сендей әсем, пақ даланың
Бүгінгі мерейіңе таңданамын.
Кеудемді күмбірлетіп күйге ораған
О, менің қасиеттім –
Арман әнім!

Жүлде алып жүрмесем де жан асырмай,
Көңілім сахараңның даласындай.
Өленім – саған деген махаббатым,
Көзімнің ағы менен қарасындай.

ӘКЕ КӨҢІЛІ

Сәби келді,
Сәби келді өмірге,
Әке болдым,
Түсім бе, әлде өңім бе?
Бүгін, достар, бір қылау жоқ көңілде,
Биік бүгін керегем де,
Көгім де.

Толтырғандай көлдей көңіл арнасын,
Келді үйіме,
Келді міне жалғасым.
Менің енді тілейтінім ұлыма
Өмір, бәйге жарысынан қалмасын.

Өткеніне өкінбестей соңара,
Білек түріп түссін талмай додаға.
Өз бақытын өзі жеңіп алмаса,
Тірлігінің мағынасы бола ма?!

ТАУЛАР

Таулар,
Таулар,
Төбесі көк тіреген –
Қас батырдай көрінер шоқтығы ерен.
Етегінен шыңына қарағанда
Ақша бұлтқа кіріп тұр өткір емен.

Баурайында қарағай...
Гүл де өседі,
Ұшар басы аспанмен тілдеседі.
Осылай Көк пен Жерді жалғастырған,
Екі елдің елшісіндей күн кешеді.

Жаһанға мақтанардай бар асылы –
Әр таудың қыран жетпес дара шыңы.
Жаратқанда-ақ Биіктік табиғаттың
Тауға ғана сыйлаған жарасымы.

ЖАҚСЫЛЫҚ пен ЖАМАНДЫҚ

Көңілімде бір түйткіл,
Айтайын ба,
Талайлардың тұнығын шайқайын ба?
Әлде мен де әліптің артын баққыш
Жандарға ұқсап,
Аңысын байқайын ба?

Байқайын ба бір шоқып,
Екі қарап...
Жердің астын кезгендей жеті қабат.
Ойдағымды істермін содан кейін,
Дегеніме алған соң жетіп әлі-ақ.

Көл – көңіл де көрінер бөлсек кішік,
Қарайын ба алды-артымды өлшеп-пішіп.

Қыран емес,
Торғай да тірлігінде
Қанатының қауқарын көрсетті ұшып.

Өлшеулі өмір,
Күш-қуат
Бірлігінде,
Ұластырып Күнді –
Түн,
Түнді – Күнге.
Ел бақытын балаған өз бағына
Не бір жайсаң жан таппай жүр бүгінде.

Өлшеулі өмір,
Өлшеулі тірлігінде
Атыстырып астыртын бірді бірге.
Талайларды тоздырып табанынан,
Қорқаулар да күн кешіп жүр бүгінде.

Біреулерге біреулер бере ме ақыл
Кім біліпті тынарын немен ақыр?
Жақсылық пен жамандық –
Күн мен Түндей
Итжығыспен тірлікте келе жатыр.

МЕН АҚЫНМЫН БА?

Мен ақынмын ба?
Ақынбыз деп жүргендер жетеді әлі,
Айбары Айдан да асып кетеді әрі.
Жұрт бермеген бағаны өздері алып,
Даурығады –
Білмеймін не табады?

Мен ақынмын ба?
Осы сауал мазалап жүр жанымды,
Жаза алдым ба жұрт сүйер жыр – жалынды?

Айта алдым ба өрнектеп өлеңменен
Жай сөздермен бере алмас сырларымды?

Мен ақынмын ба?
Мұндай сауал
Көп жерде қинайды әлі,
Талайдың-ақ бар шығар шимайлары.
Халық ондай атақты пір тұтады,
Өлеңшінің бәріне қимайды әрі

Десек те:
«Өз күшіне сенеді әркім!»
Сұрайтындай осыны менен әр күн.
Сол сауал мазалайды мені дәйім –
Ел елең ететіндей не бере алдым?

Мен ақынмын ба?
Жыр жазғанмен
Балаға,
Ересекке...
Айта алмаймын,
алды ма ел есепке.
Сол сауалды қалдырсам деп отырмын,
Оқушыға және де Келешекке.

БӘРІ ДЕ БІЗДЕН ҚАЛАДЫ

Ағайын едік,
Алыстауменен арамыз,
Бір-бірімізден суысып мүлдем барамыз.
Ойладық па екен,
Үлкен боп,
яки кіші боп:
Туғаннан артық туысты қайдан табамыз?

Өмір бар жерде,
Көңілдер қалай жетпейді,

Іниден аға,
Ағадан іні шеттейді.
Дейтіні қайда байырғы бабаларымның:
«Туыстан адам түңілсе-дағы кетпейді».

Туғаннан артық туысты қайдан табамыз,
Ертеңгі күнді ойладық па екен және біз?
Өзіміз бүгін дүрдараз болсақ,
Бізден соң
Туысып қатар жүре алар ма екен баламыз?

Сіз ғана емес,
Мен де аға болар жастамын,
Ойлайтын кез бе бүгінде жеке бас қамын?
Өзімдігім бар,
Тұрмыстан кенде емеспін,
Қызығам бірақ туысын көріп басқаның.

Қызығам рас,
Қызықсам да іштей тынамын,
Тоқтамай уақыт барады өтіп – кіл ағын.
Екеумізге де ақыл қосатын әке жоқ,
Қызынған сәтте қолына алып тымағын...

Шолақ қамшының сабындай келте тірлік те,
Қас қағым сәтте өте шығарын білдік пе?
Жатамыз әлі-ақ Туған жер төсін томпайтып,
Секілді соңғы сөйлемге қойған бір нүкте.

Біреуден епте есебін тауып ұт мейлі,
Заулайды уақыт,
Бары-жоғынды күтпейді.
Кезі келгенде бәрі де бізден қалады,
Еш пенде Жердің жыртығын жамап бітпейді,
Бітпейді!

СҮЙЕ ҚАЛСАМ

Мен берілсем...
Берілемін жаныммен, тәнімменен,
Ожадныммен, қардай ақ арымменен.
Табиғатым сол үшін тілейтіндей,
Қалтарыссыз, қалдықсыз бәрін менен.

Сүйе қалсам,
Сүйемін өле-өлгенше,
Сынған шынар қайтадан көгергенше.
Дүниеде жан жоқтай махаббаттың,
Азабы, тозағына төзер менше.

Иә, солаймын,
Солаймын әр істе де,
Пенделіктен, әрине, қалыс деме.
Жақсы көріп,
Және де жек көргенде,
Ұқсаймын сыр бүкпейтін нәрестеге.

Жан емеспін түсірген көңілге шық,
Тілегем жоқ тірліктен тегін несіп.
Жанып жүріп күл болып кетердеймін,
Көрген емен жартылай өмір кешіп.

Тезіне сап қинайды өмір кей күн,
Сонда-дағы шашылып төгілмеймін.
Жан-тәніңмен жек көру қандай қиын,
Амалым жоқ,
Онда да бөлінбеймін.

Қайтейін,
Ардай сырым көңілдегі,
Қаншама рет қабырғам сөгілмеді.
Бәрі бір де жартыкеш жүре алмаймын,
Тұтас қылып жаратқан өмір мені.

ДОСТАРЫМ-АУ

Ей, достарым-ау,
Амансыңдар ма бірге өскен,
Есілдің суын бір кешкен.
Айлы түндерде ару арманмен тілдескен,
Сендерді қайдам?
Алыста жүріп мен өзім
Шығарған жоқпын біреуіңді де,
Бір де естен.
Ойласаң қазір
Келер-ау тіптен күлкің де:
Бөкеннің жыры бастаса бітпей бір түнде,
Ертеңмен қайта тұра алмай жатып, шіркіндер:
Қаумалай келіп жанына:
– Ертек айтшы! – деп жалынушы едік тағы да,
Сондай күндерді ұмыту сірә мүмкін бе?

Ай жарығымен ақ сүйек іздеп шарқ ұрып,
Жүректер алғаш қыз жанарына шарпылып,
Айтар сөз таппай,
Көңілімізді жарты ғып,
Үміттен және бал тұнып,
Қайтатын кездер қыратты кезіп, алқынып.

Ей, достарым-ау,
Бәрі де,
Бәрі ... жадымда,
Есілдің арғы жағында
Көрші ауылдың да қыз-жігіттері жүретін,
Оранып аппақ сағымға,
Шалғынның қызған шағында.

Сол таңдар –
Сірә, ұлы таң,
Бұла шағымды қалайша, достар, ұмытам.
Тірлік болған соң ұтылам бірде, бір ұтам
Өздеріңді еске ап,
Жанымды дереу жылытам.

Ей, достарым-ау,
Не деген ғажап жансыңдар –
Әрқайсың бір арайлап атқан таңсыңдар.
Қуанғанда да,
Қиналғанда да, асылы
Қасымда менің барсыңдар,
Сол үшін дағы алдымда дәйім бас иіп
Тағзым етіп тұратын сынды бар шыңдар.
Не деген ғажап жансыңдар!

ҚАНДАЙ БАҚЫТ

Жаз келіп қалыпты ғой,
Тағы да жаз,
Жаз-көрік ұялатар жаныңа наз.
Жастықта қадіріне жете алмасаң,
Ертең күн жаз қызығы табылады аз,
Жаз келіп қалыпты ғой,
Тағы да жаз.

Қадірім көп пе білген,
Аз ба білген,
Сен соны ұқсаң болды жаз – жаныңмен.
Жігіттің арманы не –
Сүйіктісін
Жылытса жүрегінің маздағымен,
Сезімнің саздарымен.

Білесің сен,
Бәрін де сен білесің,
Сезімді де ақылға жеңдіресің.
Досың бар,
Дұшпаның бар –
Қандай бақыт,
Сүйе алсам тандырардай елдің есін.

КӨРГЕН ТҮСТЕЙ

Тірліктің қысы да арман,
Жазы да арман,
Түлкі – өмір құтылмайды тазылардан.
Қарт отыр жиырма бесін жыр ғып айтып,
Уақыттың көбі кетіп,
Азы қалған.

Шарлаған шар тарапты,
Алысыңды –
Қиялмен кезген талай ғарышыңды.
Бұл күнде қарға адым жер мұңға айналып,
Көңілі құмға айналып,
Сағы сынды.

Күреске де бел шешіп түсіп көрген,
Сұлуға да сұқтанған,
Құшып көрген.
Көкпар тартса жолында ұра барын
Ұмытып,
Құба белде ұшып берген.

Құла жүйрік –
Астында құла жорға,
Ұшып берген құйындай құба жонда.
Ойлап көрсе осы бір қарияның
Талай ізі қалыпты мына жолда.

Бәрі есінде:
Ақ сағымдай сылаңдап қанша арманы,
Құба жонда құлпырып қарсы алғаны.
Бәрі есінде,
Сүйгенін жағынып кеп
Айлы түнде тербеліп ән салғаны.

Бұл ғұмырда не көріп,
Не кешпеді?
Көрген түстей бүгінде елестері.

4-64

Талай жылдар өтіпті дегенменен,
Бәрі де кешегідей емес пе еді?

Тірліктің қысы да арман,
Жазы да арман,
Түлкі – өмір құтылмайды-ау тазылардан.
Отыр бәрін өткеріп көз алдынан
Уақыттың көбі кетіп,
Азы қалған.

* * *

Алтыным бар,
Мысым бар,
Жезім де бар,
Алақұйын, көкдауыл сезім де бар.
Асып-тасып, арнамнан ақтарылып,
Сыймай жатар сабама кезім де бар.

Келеңсіз бе,
Тірлігім келелі ме?
Өршіл өмір бағыма береді не?
Кейде тұнық өзендей тынып аққан,
Жетпей жатам жететін кемеріме.

Жетпей жатам жететін кемеріме,
Тебіреніссіз тірліктің керегі не?
Ойлар бірде еріксіз әкетеді,
Шым батырып тұңғиық тереңіне.

Діңгегінде жұмыр жер шыр айналып,
Күн артынан күн келер шырайланып.
Көңіл күйін құямын жырларыма,
Қалмасын деп тұнығым лайланып.

Дертім болса, жұртым бар айтар емін
Тұнығымды тындырмай шайқа менің.

Ұшсам – ұя,
Қонсам құт аялаған,
Тірлігімнің тұғыры –
Байтақ елім!

* * *

Кір шалғандай көңіл көзі –
Шар айнам,
Қалам алмай кетіп едім талайдан.
Оятқандай болдың тәтті ұйқымнан
Сенің қандай құдіретің бар, айнам?
Жібергендей жеңілдетіп қиынды,
Сезім-нөсер сел-сел болып құйылды.
Буырқанып сыймаған соң ішіме,
Жыр ғып жаздым барлық көңіл күйімді.

Ұғар бәлкім,
Ұқпас мүлдем еш пенде –
Өз басынан кешпеген бар,
Кешкен де...
Сен боп келер сыбызғы үні,
Сыр сазы
Жалғыз жүріп жабырқаған кештерде.

Жұлдызымдай ашық аспан,
Көгімде,
Сөзге сыймас көп суретің көңілімде.
Ризамын аман жүрсең алдымда,
Мені өлердей ғашық қылып өмірге,
Ғашық қылып өмірге.

МАХАББАТ

Бас ұрмай уақыт атты өлшемге мен,
Өзіңді баяғыша көрсем деп ем.

Дөңбекшіп түн ұйқымды төрт бөлсем де,
Ел сенген көп жайларға мен сенбегем.

Мен сені қия алмап ем қиянатқа,
Ақ жүрекке құр күдік ұялап па?
Сондықтан да өзіңді іздеп келдім,
Іздеп келдім міндім де қиял атқа.

Мас болып жастықпенен шалқып демде,
Сырыңды ұқпай қалдым бәлкім мен де.
Сөйтсем сен «ақ махаббат, пәк сезімді»
Жүріпсің үлестіріп әркімдерге.

Кіршіксіз бал сезімге қаталап тым,
Өзіңмен бір арнада қатар ақтым.
Бірақ сен ұға алмапсың құдіретін,
Құдіретін мәңгілік махаббаттың.

Махаббат – асыл сезім кір шалмаған,
Махаббат – асқақ әуен, жыр самғаған.
Қайталанып шығуы екіталай,
Бар жаныңмен беріліп бір салған ән.

Сезім бар күй әуендес, жыр әуендес,
Ол сезім өздігінен, сірә, келмес.
Махаббат та соның бір көрінісі,
Ондай күй әр уақытта туа бермес.

* * *

Қандай ұшқыр бүгінде қиял, арман...
Тас түлектей шырқаған ұялардан.
Бір биікке жетсең-ақ,
Бір биігі
Қол бұлғайды құздардан,
Қиялардан...

Қол бұлғайды,
Шыңына шақырады
Асқар таудың қойнауы, атырабы.
Адам түгіл тимеген аң тұяғы
Қаншама жон-жоталар жатыр әлі.

Көз алдында құлпырып арман-сағым,
Біреуіне біреуі жалғар сәнін.
Тылсым дүние – табиғат жиһазындай
Еліктіріп алады барған сайын.

Мамыражай,
Тұп-тұнық таңы да ерен,
Еліктіріп алады сәніменен.
Тербетіліп тұрғандай аппақ айдын,
Бұлбұлдың тамылжаған әніменен.
Алаулаған арман да,
Шың да биік,
Құзарында қалықтап жүрді Ақиық.
Тәтті әуенді жердегі біздер түгіл,
Құс төресі аспанда тыңдар ұйып.

ЖҮРЕГІМДЕ ЖАРА БАР

Жүрегімде соғыс салған жара бар,
Жазылмайтын ауыр дертпен пара-пар,
Адам жаны төзімді екен,
Болмаса,
Құлар еді басқа тұрмақ, қара нар.

Көз алдымда бұлдыр тұман қалқыған,
Жас жанымды соғыс өрті шарпыған.
Балалығым жалаң аяқ, жалаң бас
Қуып кеткен жан көкемнің артынан.

Екеуі де –
Көкем және Балалық,
Көз алдымда жұлдыздардай сан ағып.

Ұмытам ба деген кезде санамда,
Көрінеді қайта-қайта жаңарып.

Міне, міне!
Содан бері қырық жыл,
Жау жолыма тор, тұзағын құрып жүр.
Жан көкеммен бірге кеткен Балалық
Қырық жыл бойы түсіме ұдай кіріп жүр.

Ұмытам ба деген кезде,
Қайтадан,
Теңіздерді шайқаған.
Дауылдардай соғады кеп,
Соғады...
Төңірегін тып-типыл ғып жайпаған.

О, бауырлар!
Жүрегімде жара бар –
Жазылмайтын ауыр дертпен пара-пар.
Адам деген төзімді екен,
Болмаса,
Құлар еді басқа тұрмақ, қара нар,
Құлар еді қара нар!

АНАМА ХАТ

(Студенттік дәптерден)

Өзіңнің ұзын бойлы, келте мұрын,
Қалада оқып жатыр тентек ұлың.
Жиырманың шықса-дағы төртеуіне
Қоя алмай жүр баяғы еркелігін.

Қозыңды алыс жолға аттандырып,
Жай-күйін отырасың хаттан біліп.
Ұғамын сағындырып жеткен бір сөз,
Сергітіп тастайтынын шаттандырып.

Асыға күтесің кіл хатты алғанша,
Жан сырын тентегіңнің ақтарғанша.

Әр күнін тосқан күннің жылға балап,
Мазасыз жол қараған шақтар қанша?!

Құлыным бүгін-ертең келер деп те,
Жүрсің ғой рахатын көрем деп те.
– Осы жол келініңмен барам, – десем
Қалар-ау сәл-ақ жетпей төбең көкке.

Тірлікте міндетім көп атқарар сан,
Сен үшін қилы, қиын шатқал асам.
Өмірге артар өкпем жоқ,
Ризамын,
Өзіңнің ақ сүтіңді ақтай алсам!

* * *

Кешіріңдер, ағайын!
Өздеріңдей басы жұмыр пендемін,
Іздесеңдер, жетіп жатыр менде мін.
Тойларыңа шақырдыңдар,
Уақыттың
Тапшылығын желеу жасап, келмедім.

Келе алмадым,
Қателігім. Түсіндім!
Алға тарттым тығыздығын ісімнің,
Сөйтіп, алғаш аңқылдаған көңілге
Шаңқай түсте бір көлеңке түсірдім.

Тағы қанша жылдар өтті арада,
Сендер елде,
Жүрдік біздер қалада.
Іздеп келген кездеріңде және де
Орайларың болды ма, әлде болмады,
Білмей жүрмін асыл жеңге, жан аға!

Кешірімі көп қашан да үлкеннің,
Кішіліктің кіреукесін бүркендім.

Достарыма қанша мәрте мақтандым,
Келген сайын майы менен құрты елдің.

Көшкен сеңдей,
Тұра алады кім ұстап,
Күндер-күндер өте берді жылыстап.
Өзіміз ғой өзімізге келгелі,
Алаңсыз бір отырмаппыз дұрыстап.

Былайғы елдің толып жатқан сыны бар,
Ал аға-іні бірін-бірі шын ұғар.
Сезімнің тек өлшемі жоқ,
Болса егер,
Сағынышым бастан асып жығылар.

Бал балалық болды-дағы келтерек,
Есейдің деп айтқанменен ертерек,
Өзімді өзім жастау кейде сезінем,
Алдымда сен жүргеннен соң, еркелеп.

БОЗТОРҒАЙ

Шаңқай түсте төбеге шығып алып,
Көз ұшында көлбеңдеп діріл қағып,
Шырқағанда әуеде мың ырғалып,
Боздаланың жыршысы – бозторғайдың
Жүрегінді шерткендей мұңы барып.

Байлығымдай,
Ортаймас қазынамдай,
Бірақ соны тіршілік аз ұғардай,
Жоғалтамыз жүрекке жазып алмай.
Болмаса...
Құйтақандай құс үнінде
Туған жердің таусылмас сазы бардай –
Сол сазында бізге айтар назы бардай.

Махаббат та,
Достық та,
Адалдық та...
Бәрі-бәрі бас қосып,
Арамдыққа,
Топастық пен тоғышар надандыққа
Майдан ашып жатқандай көрінеді
Дем беріп Адамдыққа!

Сүттей таза табиғат ұйып тұрған,
Ұйып тұрған,
Ғаламат күй ұқтырған.
Құдайым-ау, құп-құйттай жыршы құстың
Жүрегіне қандай күш сыйып тұрған?!

ҚАРЫЗ

Жығылған да кезім бар,
Сүрінген де...
Білдіргем жоқ сонда да сырымды елге.
Адал жандар нұр құйды көңіліме,
Арамдардан безініп,
Түңілгенде.
Жақсы ағалар жанына ап сол күндері,
Солған жоқсың,
Сен қайта толдың деді.
Сенімменен қараған отты көздер
Кеудемдегі жалынды сөндірмеді.
Жайнап сол сәт сезімнің гүлі демде,
Шешек атты.
Түсіндім мұны мен де.
Ағалардан алған сол қарызымды
Қайтарсам деп келемін інілерге,
Інілерге!

НАҒАШЫ

Сен өткір ең,
Ел айтар ер кісі едің,
Тек жақсы сөз соңыңнан ерді сенің.
Көптің көңілі –
Көктемнің күн шуағы,
Биіктерге бастаған ерді сенім.

Өткір едің,
Өр едің,
Алғыр едің,
Шалқыта бір салушы ең әнді керім.
Сенің барлық болмысың ерге біткен
Еліктіріп жанымды алды менің.

Еліктіріп жанымды алды менің
Сенің жомарт мейіріңе қанды мейірім.
Туа біткен бойыңда бір мін жоқтай
Ұқсасам деп ойлаушы ем –
Бар білерім.

Ер жігіттің бір жұрты –
Нағашылар,
Бұл шындыққа кімнің,
Не таласы бар?
Көтеретін ерке-наз қылығыңды
Нағашы жұрт
Ерекше дана шығар.

Бір сұрақтан туындап жаңа сұрақ
Еркелігім тұратын жарасып-ақ.
Талай құрбым қызығып, қызғанатын
Мен тұрғанда өзіңді нағашылап.

Туыс та көп,
Туыстың аласы көп,
Қаршадайдан өзіңді нағашы деп,
Қиын кезде қасыңа жанасып ек.

Есімде, қамқор болып жүрдің әр кез,
Жездемнің жел тигізбес баласы деп.

Шын көңіл ықыластың тиегі боп,
Біріміз-бірімізге сүйеніп ек.
Өзіңді сыйлаған жұрт еркелетті,
Бұл бала – Әубәкірдің жиені деп.

Жүйрік көп –
Бірі – тұлпар,
Бірі – тарлан...
Жүректі өзіңдей кім жібіте алған,
Өзің болып есердей үміт алдан.
Көп жайды ұмытуым мүмкін,
Бірақ...
Мен Сізді тірі тұрып ұмыта алман!

ҚУАНАМ

Толқыған бейне көк теңіз,
Айдын ба деп те қаласың.
Бұдыры тіптен жоқ, тегіс
Өлкемнің көрші даласын.
Алтын дән желмен ырғалып,
Баяулап әнге салады.
Толқиды жаймен бір қалып
Иіліп жерге сабағы.

Қуанам шексіз осы бір,
Егісті көріп жайқалған.
Мұнда ғой менің досым жүр,
Еңбектің ері – майталман.

Біргемін мен де досыммен,
Қараймын әр кез қуанып.
Өйткені ол егін өсірген,
Маңдай терімен суарып.

Қуанам менің осындай
Досым көп-ақ қой өмірде.
Бөгетке ешбір тосылмай,
Жүреді беткей өңірде.

Әкеліп бір күй көңілге,
Даланы нұрға толтырып.
Жүреді солар өңірге,
Қолымен егіп молшылық.

МӘҢГІЛІК АЛАУ БАСЫНДА

Бас иіп,
Тағзым етіп ерге ерен,
Бұл жерге сен келесің,
Мен де келем.
Маздаған мәңгі алауды көрген сайын
Жанымды әлдилейді тербеп өлең.

Басында қашан келсең гүл тұрады,
Алаудың нұрыменен құлпырады.
Жалынның саусақтары,
Самсап бәрі
Сол гүлді ұстасам деп ұмтылады.
Көп көзден қыз реңі қысылғандай,
Қызыл гүл құбылтады түсін қандай.
Ол-дағы ерлеріне елін сүйген
Нәп-нәзік саусақтарын ұсынғандай.

ЕЛУДЕГІ АҒАНЫҢ МОНОЛОГЫ

Күндер, айлар, жылдар-ай, зымыраған,
Кейде ұға бермейді-ау сырын адам.
Ұмытамыз кешегі сұрапылды,
Мәз болып, жүргеннен соң бүгін аман.

Уақыт жүйрік
Тосқауыл, төтелермен,
Алды-артына қарамай өте берген.
Соның бәрі бейуақта ойға оралып,
Зіл салмағын сезімнің көтерем мен.

Елестетіп өткеннің тұрсам бәрін,
Уақыт маған артады зіл салмағын.
Талай қыран кетіпті арманменен,
Көрсете алмай биікте бір самғауын.

Азаматтар –
Армандас, сырластарым...
Оқи да алмай өмірдің бір дастанын,
Талай боздақ өтіпті –
Соның бәрі,
Елудегі өзімнің құрдастарым.

Ер еді –
Бір-бір үйдің арысы еді,
Жат ойдан, жамандықтан қалыс еді.
Ауылдың базары еді,
Ажары еді –
Бәрі әнші,
Бәрі шешен,
Бәрі сері!..

Жалғанда жақсылыққа тойған ба адам,
Бірі үйленсе, барлығы той қамдаған.
Шаңырақтан шалқыған шаттық есіп,
Жауым бар деп ешбірі ойланбаған.

Сол сәнімен өмірден өтер ме еді,
Уақыт бірақ осыны көтермеді.
Жымысқы жау ұрланып келді бір күн,
Балаусаны күл қылып өртеңдегі.

Қарсы аттанды жігіттер содан бәрі,
Сәні кетті ауылдың, жоғалды әрі.

Жауды жеңдік,
Бірақ та көп құрдасым,
Туған елге жарқылдап оралмады.

Күндер, айлар, жылдар-ай зымыраған,
Елу жас та келіпті бүгін маған.
Енді менің тілерім –
Жұлдырмасын,
Жау оғына жауқазын гүлін далам.

Болса-дағы арайлы, нұрлы аспаным,
Сезем кейде көңілімді мұң басқанын.
Қиын екен келгенде жер ортаға
Жоқ болғаны қасыңда құрдастарың!

АТА САЛТ

Қажытып әбден жол жырақ –
Бейтаныс үйге тоқтайсың келіп қалжырап,
Түн қатып жүрген мынау өңірде бір жан жоқ,
Төңірек түгел ұйқыға кеткен маужырап.

Туралай келіп тірейсің-дағы ат басын,
Мазасын алып қағасың тағы қақпасын.
Басты қатырып ойланып тегі жатпайсың
Қылығың жұртқа жағарын яки жақпасын.
Тұрасың сосын:
«Құдайы қонақ едік!» – деп,
Батырдай қайтқан осы үйдің жауын жеңіп кеп.
Жұбайың-дағы қосады бір сөз төтеннен
Ырқыңа сенің еліктеп.

Келгенше қонақ,
Келген соң енді ол қысылып,
Бәйек боп жатыр қазанды оттан түсіріп,
Дастарқан жайып, бар дәмін саған ұсынып...
Атаның жолы
Далаға, сірә, қонбайсың,
Осы бір үйдің тұрсаң да жайын түсініп.

Аттанар сәтте тағы да сені қимайды,
Ойлайды тұрып қошемет жайлы,
сый жайлы.
«Бір көрген – «біліс» –
Бабадан қалған мирас бұл,
– Құдайы қонақ, бұйымтай айт! –
деп қинайды,
Айылын тіптен жимайды!

Бабалар баста қалдырған жол ғып артына,
Дарқандық солай дарыпты мына халқымға
Тілеймін мен де ұрпағым берік болса деп,
Атаның осы салтына.

АҒА

Ұға бермес тіршіліктің мұратын,
Еркетотай бала болдым, сірә, тым!
Мен жыласам, аз-ақ үлкен әпкем де
Меніменен бірге жылап тұратын.

Ұға бермес тіршіліктің мұратын,
Еркетотай бала болдым, сірә, тым!
«Ағасы бар тентектерден кем бе?» – деп,
Сырғанаққа ілестіріп шығатын.

Әпкем менің бар баланы билейтін,
Маған тіптен содырлар да тимейтін.
Ойға қарай өзім сырғып,
шанамды
Өрге қайта басқалары сүйрейтін.

Бір ауылда мен қатарлы бала көп,
Бәрімізге жүреді әпкем пана боп.
Ағасы бар басқаларға еліктеп,
Өстім мен де өз әпкемді «Аға!» – деп.

Күллі ауылда мен қатарлы бала көп –
Кеудемізде маздап жанған алау-от,

Жауды жеңдік,
Бірақ та көп құрдасым,
Туған елге жарқылдап оралмады.

Күндер, айлар, жылдар-ай зымыраған,
Елу жас та келіпті бүгін маған.
Енді менің тілерім –
Жұлдырмасын,
Жау оғына жауқазын гүлін далам.

Болса-дағы арайлы, нұрлы аспаным,
Сезем кейде көңілімді мұң басқанын.
Қиын екен келгенде жер ортаға
Жоқ болғаны қасында құрдастарың!

АТА САЛТ

Қажытып әбден жол жырақ –
Бейтаныс үйге тоқтайсың келіп қалжырап,
Түн қатып жүрген мынау өңірде бір жан жоқ,
Төңірек түгел ұйқыға кеткен маужырап.

Туралай келіп тірейсің-дағы ат басын,
Мазасын алып қағасың тағы қақпасын.
Басты қатырып ойланып тегі жатпайсың
Қылығың жұртқа жағарын яки жақпасын.
Тұрасың сосын:
«Құдайы қонақ едік!» – деп,
Батырдай қайтқан осы үйдің жауын жеңіп кеп.
Жұбайың-дағы қосады бір сөз төтеннен
Ырқыңа сенің еліктеп.

Келгенше қонақ,
Келген соң енді ол қысылып,
Бәйек боп жатыр қазанды оттан түсіріп,
Дастарқан жайып, бар дәмін саған ұсынып...
Атаның жолы
Далаға, сірә, қонбайсың,
Осы бір үйдің тұрсаң да жайын түсініп.

Аттанар сәтте тағы да сені қимайды,
Ойлайды тұрып қошемет жайлы,
сый жайлы.
«Бір көрген – «біліс» –
Бабадан қалған мирас бұл,
– Құдайы қонақ, бұйымтай айт! –
деп қинайды,
Айылын тіптен жимайды!

Бабалар баста қалдырған жол ғып артына,
Дарқандық солай дарыпты мына халқыма.
Тілеймін мен де ұрпағым берік болса деп,
Атаның осы салтына.

АҒА

Ұға бермес тіршіліктің мұратын,
Еркетотай бала болдым, сірә, тым!
Мен жыласам, аз-ақ үлкен әпкем де
Меніменен бірге жылап тұратын.

Ұға бермес тіршіліктің мұратын,
Еркетотай бала болдым, сірә, тым!
«Ағасы бар тентектерден кем бе?» – деп,
Сырғанаққа ілестіріп шығатын.

Әпкем менің бар баланы билейтін,
Маған тіптен содырлар да тимейтін.
Ойға қарай өзім сырғып,
шанамды
Өрге қайта басқалары сүйрейтін.

Бір ауылда мен қатарлы бала көп,
Бәрімізге жүреді әпкем пана боп.
Ағасы бар басқаларға еліктеп,
Өстім мен де өз әпкемді «Аға!» – деп.

Күллі ауылда мен қатарлы бала көп –
Кеудемізде маздап жанған алау-от,

Әпкем айтса, қай іске де барар ек,
Алынбайтын қамалды да алар ек,
Бір ғажабы –
Алаламай біздерді
Жүре берді бәрімізге аға боп.

Әлі күнге әпкем – аға, мен – іні,
Қалай десе әркімнің өз ерігі.
Бізді қойып «Аға!» – дейді енді оны
Талай үйдің кейін түскен келіні.

* * *

Бір тау биік,
Бір тау тіптен аласа,
Бір шың жатыр бұлттарменен таласа.
Әрқайсының өркеш-өркеш шоқтығы,
Өзінше бір сұлу сурет тамаша!

Бір көл таяз,
Бір көл терең тұңғиық –
Мөлдірлігі таңғы шықтай тұрды ұйып.
Табиғаттың қайшылығы осы бір
Көңілдерге кетеді ерек сыр құйып.

Бір өзен бар,
Асау аттай шабады,
Күндіз-түні бұрқ-сарқ етіп ағады.
Бір өзен бар сабасында сабырмен
Аймалайды ақ кемерлі жағаны.

Бірде төмен,
Жүрер бірде жоғары –
Адамда да қайшылықтар мол әлі.
Олардың да таязы мен тереңі,
Биігі мен аласасы болады.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ШОҚ ГҮЛІ

Қолымдағы туған жердің шоқ гүлі,
Бірі – жалын алаулаған, шоқ – бірі,
Мерейі өсіп көп алдында адамның
Қалады екен көтеріліп шоқтығы.

– Гүлдеріңнің қандай қанық бояуы,
Түрлеріңді танытқандай ол әрі.
Дәл осындай гүл өсірген қыздарды
Жан ұққандай болады! – деп қояды.

Риза боп досымның бұл сөзіне,
Шыны ма деп қарап едім көзіне.
Жалғаны жоқ жан нұрымен қарайды
Жанындағы жолдасы да, өзі де.

Гүл ғой рас туған жердің ажары,
Нұрдың мөлдір тамшысындай таза әрі.
Жымияды елік сынды ерке қыз,
Бұл сыйымыз дегендей-ақ аз әлі.

Мен достарға,
Достар маған қарайды,
Бір ыстық леп өн бойыма тарайды.
Беу, қарындас!
Шоқ гүліңмен жүрекке
Шоқ түсіріп алмасаң тек жарайды.

АРМАН ҚАНАТЫ

Кең әлемді шарлаған құстай бір дем,
Қанатым жоқ,
Шығандап ұшпаймын мен.
Сонда-дағы тірліктің қан тамырын
Қалт жібермей сәт сайын ұстай білем.

Құшағыма әсер – жаһан сыйып демде,
Көз саламын ғарыштан сүйікті елге.
Аңыздағы ғажайып ақиықтар
Болған емес мен шыққан биіктерде.

Шарықтаудың соққанда сағаты дәл,
Құдірет күллі әлемде дара тұрар.
Қиял жетпес қиянға жеткізетін
Адамның арманының қанаты бар.

ШЫНЫМДЫ АЙТСАМ

Диқан бауыр!
Бармысың, аманбысың,
Жылдағыдай биыл да алаңбысың?
Көк торғынға көмкеріп,
Жазирадай
Жасандырып қойыпсың даланды шын.

Даланды шын қойыпсың жасандырып,
Жердің сырын алғансың қашан біліп.
Өмір шыңдап өсірген өрлігің бе,
Жас та болсаң,
Көрмедің жасаң қылық.

Көп жасаған көнедей парасатың,
Жақын тартып жақсымен жанасатын:
Ақыл-ойың,
Мінезің салиқалы.
Ердің бес қаруындай жарасатын.

Сөйлеп кетсең тереңнен тебіреніп,
Жердің жайын ойлайсың еміреніп.
Шынымды айтсам,
Өкіндім диқан болмай
Туғаныма ақын боп,
Сені көріп.

БАУРАҒАНДАЙ ЖАНЫМДЫ

Таңнан тұрып,
Малынып таң шығына,
Баурағандай жанымды ән-шұғыла.
Жүрдім кезіп жазира кең жазықты
Ғашық болып дүниенің бар сырына.

Көктемнің керімсал самалы есіп,
Көкжиектей көңілім қалады өсіп.
Енді бірде бәрін де ұмыттырып,
Әлдилейді анамдай дала – бесік.

Әлдилейді табиғат тәтті әнімен,
Шуағымен,
Шұғылалы шақтарымен,
Көкірегіме сан әуен құйылады
Бұлбұл сайрап тұрғандай бақта кілең.

Бір шығарып күн нұрын, бір батырып
Көлдің беті толқынмен ырғатылып,
Сұлулықтың сәулесін еркелетіп,
Бар дүние тұрғандай нұрға тұнып.
Нұрға тұнып,
Ғажайып сырға тұнып...

Таңнан тұрып,
Малынып таң шығына,
Қызық көріп мөп-мөлдір тамшыны да,
Көктем көркін кеудеме құйып алып.
Ғашық болып дүниенің бар сырына
Жүрдім баурап жанымды ән-шұғыла.

ЕКЕУІ ДЕ ӨЛМЕЙДІ

Тағдыр соны жазғандай таланыма,
Күнде көрем ақты да, қараны да...
Біреулер жүр күлкіден езу жимай,
Біреулердің мұң тұнып жанарына.

Күнде көрем достықты, дүшпандықты,
Ерлікті де, ездікті, мыстандықты.
Күнде көрем түңілуді көрге сүйрер,
Өрге сүйрер және де құштарлықты.

Шаттығым бар шайқалып төгілмеген,
Сәл нәрседен мұңаям, көңілденем.
Таразының тең басып екі басын
Қайшылықтан тұрады өмір деген.

Достық та бар –
Жүрміз тек көбіне ермей,
Қастықтан да қабырғам сөгілердей.
Менің барлық ұққаным –
Тіршілікте
Екеуі де өлмейді өмір өлмей.

АУЫЛ ДӘМІ

Қазы келді ауылдан,
Қарта келді...
Сағынышын анамның арта келді.
Балам барып достарын шақырып жүр,
Әкелгендей көшіріп жарты әлемді.

Шұжық та бар,
Жал да бар,
Жая да бар...
Түгел астыр мамаңа,
Аяма, бар!
Қай кезде де баланың жөні бөлек –
Алматыға күні ертең жаяды олар.

Шақырғаның қалдырмай тәуір берін,
Келсін түгел достарың,
Бауырларың...
Өскенде олар әжеңді еске алады,
Жіберген деп арнайы ауыл дәмін!

АҚЫН ЖАНЫ

Таныр жасқа келдік қой кісі реңін,
Ойнама сен,
Ойынды түсінемін.
Тең көргенді кем көру достық емес,
Жосығы жоқ,
Мен қайтіп кішіремін?

Жылдар өтті зымырап арада сан,
Әуре болма достыққа жарамасам.
Тең деп ұқсаң,
Тең тұрып араласам,
Сатып алар сезімнің қадірі жоқ –
Қарамаймын, мен-дағы қарамасаң!

Достарым көп қалада,
Далада сан...
Көресің бірге жүріп араласаң.
Ақын жаны жауқазын гүл сияқты,
Гүл қайтып көктемейді жараласаң.

* * *

Кіл қайшылық қарасаң мына ғалам,
Туғандар да кей-кейде бір анадан.
Тіл таба алмай жатады,
Амалың не?
Кете алмайсың қол үзіп бірақ одан.

Кете алмайсың –
Арнаң бір, бастауың бір,
Тұғырың бір, ұшатын аспаның бір.
Тағдырыңның сан тарам тармақтарын,
Бір желіге матаған баста ғұмыр.

Жырақтатып жол менен жол арасын –
Бірің шалғай біріңнен қона аласың.

Қаншама алыс кеттім деп ойласаң да,
Сол желіге айналып, ораласың.

Сан қия, сан асудан асқан арман
Жас келген, бурыл тартып шаш та ағарған.
Басыңды тауға да ұрып, тасқа да ұрып
Жеріңе ораласың бастаў алған.

Жалпақ жұртқа етсем деп барымды әйгі,
Албырт сезім әр тұста арындайды.
Тоқтар кезде бәрі бір бастау алған
Қайнарыңдай қасиет табылмайды.

САҒЫНЫШ

Толқындай дөңбекшіген теңіздегі,
Жас жаным алабұртып нені іздеді?
Бір сен деп бұлқынады қайран жүрек,
Тағдырым әлде өзіңмен егіз бе еді.

Өзіңмен ұшырасу талайғы арман,
Іздедім таң нұрынан арайланған.
Бір сәтке көрсем деймін келбетіңді,
Шолпандай бұлт ішінен қарай қалған.

Қайдасың,
Қайда қазір, алыспысың?
Сағыныш қиялыммен жарысты шын.
Бір сәтке кетсе деймін елес беріп,
Жанымды мазалаған таныс мүсін.

Кеште де,
Сені іздеймін ертемен де,
Тосамын құлағымды ерке желге.
Маздатшы жанымда отын қуаныштың –
Өзіңмен бақытымды ерте кел де.

АРМАН ҚУЫП КЕЛЕМ МЕН

Ақын-Ақын,
Ел еркесі дегенмен,
Бірде ортайып, асып бірде кемерден,
Жетем деген көкжиегім жеткізбей,
Қиял қуып, қиянды іздеп келем мен.

Бөрі басым жолбарыспен таласып,
Тұлпар-арман белдеулерде таң асып,
Алды-артымды абайламай, аңдамай,
Ай жарықта кеттім талай адасып.

Ақын, Ақын!..
Аңқылдаған жаны ізгі,
Бал қылығы балалығы тәрізді.
Жырлар еді жер-жаһанға жеткізіп,
Көрсе Римді, Дели менен Парижді...

Шеттеу қалып елден, ерден, езден де...
Сығалағыш сұмдықтарды сезгенде,
Жырда жалған жылмықтардан безгенде,
Асылды да, масылды да салмақтап,
Көрер ойша таразылап безбенде.

"Біреу мені елемеді, еледі"...
Білсе ойымды, алжасқан ба дер еді.
Әділетсіз бұл жалғанда дарынды
Дарынсыздар басып кете береді.
Ерте шыққан гүлдеріндей бөктердің.
Сұлулықтың тез солғанын көп көрдім.
Қыл көпірдей қияметті басымнан,
От пен судың ортасында өткердім.

Кездерде еленбеген, еленген,
Естен таңдым, кештеу қалдым дегенмен,
Жап-жас бала – елден кеткен қалпыммен
Қырық бес жыл арман қуып келем мен.

АНА ТІЛІҢ ЖӘНЕ ӨСИЕТ

Мен шал болдым,
Сен балам жігіт болдың,
Мұхиттың ар жағында жүріп келдің.
Дәл өзіңдей жасымда бар болғаны
Ат жететін жерлерді-ақ біліп, көрдім.

Бермейміз деп бабалар жауға жерін,
Арғымағын жаратып, салған ерін.
Намыс үшін бәйгеге басын тігіп,
Өліспей беріспеген жанға кегін.

Соны есіңе ал, құлыным, жер көргенде,
Бабаңа тарт,
Ерлігің елден кем бе!
Талбесікте Халқыңның күйін ұқтың,
Атаңның әлдиімен тербелгенде.

Енді міне, жігітсің, он бестесің,
Намысы от боп ойнаған Елде өскенсің.
Жер кіндігі – ОТАНЫҢ, айқындап ал,
Тірлігіңнің тізгенде жол кестесін.

Азаматқа шоқтығы – Ел ар атының,
Қайрылмайтын топшысы қанатының,
Шындық – нәрің, мейірің қанатұғын,
Көп тілді оқып-үйреніп ұшсаң биік
Тұғырың қайта айналып қонатұғын,
Баба тілің –
Қасиетті Ана тілің!

Санаң болса ұмытпа бірін де әмен,
Көз алдыңда дөңгелер ғұмыр-ғалам.
Ана тілім – Ұлтымның, Ұлысымның
Туы деп біл,
Осыны ұғын, балам!

Ұқ еліңнің қайғысын, қасыретін,
Қуанышын, қадірін, қасиетін.
Оны ұқпаса, адамның басы жетім,
Ұлттық ұғым – АТАҢ да бас иетін,
Осы, құлыным, қалдырар өсиетім.
Мерейіңді мерейлі үстем қылып,
Мені де,
Ұрпағыңды да өсіретін!!!

АТА-ТАҒДЫР

Ерте қалған әкеден жетім ұл ем,
Жүре-бара жетіп ем, жетіліп ем.
Шын-ақ жетім күй кештім қартайғанда,
Айрылып екі тіреу – екі іниден.

Тірлігімнің болғандай шеті дауыл,
Ащы таяқ көп тиді етіме ауыр.
Жолайрыққа жеткенде тастап кетті,
Қолтығымнан демейтін екі бауыр.

Біткен бе бұл пенденің толы арманы,
Тарам-тарам тірліктің жолы арналы.
Жыладым көп, тек олар оралмады,
Басқалары туғандай бола алмады.

Көріп келем өмірдің жотасын көп,
Өзімді-өзім биікке жорта сүйреп.
Қиналғанда іздеймін күңіреніп
Қайдасыңдар, Аманжол, Боташым деп.

Үйренеді бәріне адам қалай,
Еліктеумен олар да маған қарай
Өсіп еді. Мен де еркін сезінуші ем,
Айбыным көп, артыма алаңдамай.

Күңіреніп шертерің күй-қайғы екен,
Іниден қалған ғұмыр қинайды екен.

Шүкіршілік, балалар, немерелер...
Алдандырып алдында жүргеннен соң,
Ата-тағдыр тірлікті қимайды екен.

БӘРІ ҚЫМБАТ

Бәрі қымбат,
Қара тас – қара маржан,
Азайды шын асылды бағалар жан.
Мал қымбат,
Бұйым қымбат,
Тиын қымбат...
Арзан болса,
Жалғыз-ақ Адам арзан.

Қымбат бәрі,
Бүгінде қымбат бәрі,
Соны ойласам –
Таң атып, күн батпады.
Кешегі асылдарым арзан тартып,
Масайрап масылдарым қымбаттады.

Кетердей күдер үзіп қара жаннан,
Сандалдым қымбатты іздеп таң-азаннан.
Таптырмай іздегенім ізім-ғайым,
Қарсы алды қайынымдай жала, жалған.

Ақ қалып,
Суырылып қара озды алға,
Күйреді құнсызданып ар-ождан да.
Тұяғы тұлпарлардың тасқа тиіп,
Жабы жүйрік атанды сәл озғанға.

Қымбат, қымбат...
Неге олай?
Жұмбақ бәрі,
Сан білгіштен сұрадым,

Тіл қатпады.
Көкірегімді күйдіріп күн қақтады,
Төңірегімді тұмшалап,
Түн қаптады.

Ұға алмай інині аға,
Ағаны іні...
Көбейді көңілімнің нала, мұңы.
Арнасын басқа жаққа аударып ап,
Өмірдің өзгергендей бар ағыны.

Тірлікте жан берісіп,
Жан алысып...
Құс-ғұмыр тас төбемде барады ұшып.
Ақ – қара,
Арзан – қымбат,
Асыл – жасық...
Кеткендей көз алдымда бәрі ауысып!

Шошынып безінердей қара жаннан,
Құлардай опырылып жаға, жардан...
Сезінесің,
Егіліп-езілесің,
Өйткені, бәрі қымбат,
АДАМ арзан!

ОРАЛАР МА ЕКЕН ТІРШІЛІК

Көгі жоқ дала,
Шөбі жоқ дала тым сұлық,
Көңілі нала –
Өспеген бір тал, бір шыбық.
Кезерген еріні тілім де тілім жыртылып,
Тірліктен белгі білдірмей жатыр тұншығып.

Түгін тартқанда майы шығатын құт мекен,
Түйді екен нені,

Тағдырдан не сыр ұқты екен?
Ел аман,
Жұрттың тыныш күнінде, құдай-ау,
Нуларын кімдер,
Суларын кімдер жұтты екен?!

Суларын кімдер,
Нуларын кімдер жұтты екен,
Тамырын талдап,
Түтелеп кімдер түтті екен?
Қарасаң әне,
Аспанда Ай мен Күн аман,
Осынау жерге ғайыптан келген жұт па екен?!

Жеруйық жер деп айтатын еді құйқалы,
Басына ерен туды екен қандай күй тағы?
Сауырын сипап,
Тамырын ұстап көретін,
Табылар ма еді аялы қолдар шипалы.

Тың жатқан жер деп ауылымның маңын аядай,
Темір "тұрпарлар" тепкілеп берген аямай.
Қатарға қайта қосылып кетер еді-ау бір
Аялы қолдар аялай білсе, аялай.

Ерен көңілмен жасамақ болып шын ерлік,
Айбатымызды, қайратымызды жігер ғып...
Шаш ал дегенде, басын қоса алып қоярдай,
Қасиетті жердің құйқасын жотап жібердік.

Көгі жоқ дала,
Шөбі жоқ дала тым сұлық,
Көңілі нала,
Өспейді бір тал, бір шыбық...
Ah ұрып кейде запыран жұта тұнғышып,
Жатыр Жер-Ана –
Көк шалғын өскен төсіне
Оралар ма екен,
Оралмас па екен ТІРШІЛІК?

ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа жыл келді,
Жазық та,
Ой да,
Қыр да – шың...
Жаңа жыл келді,
Көңілде күдік, мұң басым.
Күлкі жоқ бірақ үйіліп тұрған жүздерде,
Ертеңі бұлдыр,
Не істерін білмей тұрғасын.

Ақ шаққан сезім бола ма, жоқ па әр үйде,
Ақ шампан атып, шалқи ма шаттық бәрінде.
Біреулер күңгірт кепеде мимырт күн кешіп,
Біреулер мүлгіп-маужырап отыр тар үйде.

Сыбаға-сыйдан қалатын едік шет кілең,
Тәуелсіз Елміз,
Құтылдық езгі, тепкіден...
Десек те әлі түйіткіл көп кірбің көңілде,
Есебін тауып озып жүр епті тектіден.

Жол сұрап алу қиын-ақ бүгін сауғаға,
Мәңгүрт көп қазір,
Азайды жаны сау бала.
Иман да қалды,
Иба да қалды жайына,
Арың да түсті,
Барың да түсті саудаға.
Жаңа жыл келді,
Неміз бар сонда жаңарған?
Жаңадан әзір жақсылық іздеп таба алман.
Шаттықтың нұрын шашатын жалпақ жаһанға
Күн емес бүгін,
Түн көргендеймін жанардан.

Қиялым қайда қанатын қағар жоғары,
Көкірегім неге шемен мен шерге толады?

Немерелерімнің ертеңін елестеткенде,
Ішкен-жегенім нәр емес,
Зәрдей болады.
Жете ме шаманың –
Аяма!
Бар да, ал да соқ!..
Өктемдік озбыр –
Тастайды намыс-арға шоқ.
Ата-бабамның аруағын тербеп, тепсініп,
Елі-жеріме сұғын қадаған Горбачев.

Тілі, діліне жылап көріскен ел мынау,
Қайда барсаң да,
Қайран қазақтың кеңдігі-ау!
Албырт та, аңғырт бала мінезді жұртым-ай,
Арқадан қағып алдағанға да сендік-ау.

Талайлар енді мәңгүрт боп қалған шала мас,
Қарыны тойып тұрса да обыр –
Араны аш.
Атаның жолы,
Ананың жолы көрбілте,
Имансыздардың ары да тырдай жалаңаш.

Жалаңаш қазір төзімдер менен сезімдер,
Шындықты айтсаң,
Шырылдап сұмдық безілдер,
Екі ұдай елдің ес-түсін арбап алғандай,
Біріне-бірі қарама-қайшы ИЗМ-дер.
Ата-ана тыңдар қыздар аз бүгін, ұлдар аз...
Қыздырып алмай өтпейтін болды құрғақ ас.
Ағаны іні,
Ініні аға тыңдамас,
Орайын күткен ағайын біткен дүрдараз.

Үйіңнен шықшы,
Есігің алды қанбазар,
Күйіп тұр бәрі,

Болғай деп тіле алла жар,
Жоқты жоқ дейік,
Жоғыңа жүйрік жете ме?
Масқара сонда –
Адамдар бүгін барға зар.

Кім болдық бүгін?
Осыдан бұрын кім едік?
Шұғыла шашып шықпайтын ба еді Күн еріп?
Келімсек толды,
Еміршек болды өр халық,
Кешегі өзі жеңген жауына тіленіп.

Жаңа жыл келді,
Жаңа жыл келді,
Жаңа жыл!
Жаңару ма бұл?
Көңілде мұң мен нала жүр.
Қойдың үстіне бозторғай ұя салардай
Заманда туып...
Тәтті таппаған бала жүр.

Осы ма екен қайта құрудың үрдісі,
Немерем сұрап келеді бәрін білгісі.
Ойнамай өзі тастаған ойыншықтарын
Ел-елден "сәлем"?
Жіберіп жатыр құрбысы.

Жабырқау жаным мұңданып,
Бірде шерленіп...
Тордағы алып арыстан сынды сенделіп,
Намыстан, ардан дүниенің бетін көре алмай,
Тесіле қалса кетердей болам жерге еніп.

Жаңа жыл келді,
Жаңа жыл – дәйім жаңа жыр,
Көңілге қайтып құйылар ма екен жаңа нұр?
Айналайындар,

Тірлік бар жерде үміт бар,
Алдағы күнге арманмен тағы қара бір.

Қара бір тағы алғы күндерге арманмен,
Қуат ап қайта түлесін жаның нәрлі әнмен.
Ақсарыбас айтып тілейік бүгін, ағайын,
Жалғассын күндер шапағаты мол таңдармен.

Жаңа жыл келді,
Жаңа жыл келді,
Жаңа жыл!
Елдіктің отын маздатып қайта жаға біл.
Бөленсін нұрға,
Кенелсін жырға қала, ауыл...
Келешегіңе сеніммен тағы қара бір,
Қайырлы болсын,
Қайырымды болсын ЖАҢА ЖЫЛ!

ТӨҢІРЕГІМ – ТЕЛЕГЕЙ

Ақ, қараны ажыратпай,
Қас пен досты елемей,
Мезгілімен таңым атпай,
Қайырладым кемедей.

Қайырладым, қайырладым...
Төңірегіме қарадым.
Қасты, досты айырмадым,
Бұлдырады жанарым.

Көкірегімді бұлт шалып,
Көңіліме мұң тұнды.
Бар қуаныш ұмыт қалып,
Қамады ойлар мың түрлі.

Жазықты ма ем төңірге
Сағым бүйтіп сынардай,

Талпынамын әне-міне
Жағалауға шыға алмай.

Құйын бәрі, қиын бәрі...
Қиын, құйын бәрі де.
Білмейді ешкім күйімді әлі,
Тірлігімнің мәні не?

Тірлігімнің мәні неде,
Сәні неде? Білмедім.
Құлдық ұрып тәңір иеге
Өтіп жатыр күндерім.

Кетер ме әркім бұ жалғаннан,
Пенделікке малданып.
Жөн таба алмай тұмандардан
Сағым қуып, алданып...

Ақ, қараны ажыратпай,
Қас пен досты елемей,
Әлі отырмын таңым атпай,
Қайырлаған кемедей,
Тәңірегім – телегей!

ПЕНДЕЛІК-АЙ

Сел үмітпен, серілікпен сенделіп,
Баз өмірден артық алып, кем беріп,
Қияндағы қыр басына шыққандай,
Өзіңді-өзің алдап келген пенделік.
Мен күлгенде күлмесін деп өзге адам,
Мен білгенді білмесін деп өзге адам,
Пенделік-ай, пенделік-ай күн-түні
Сексеуілдің шоғындай боп қоздаған.

Жел өтінен іздеп пана, ықтасын,
Жекпе-жекте біле тұрып жықпасын,

Бетке түсер қауқары жоқ, сөйтсе де
Дейді: "Жұрттың бәрі мені құптасын!"

Ықтағаны керек біреуге өзгенің,
Құптағаны керек біреуге өзгенің,
Салындыдай ағын айдап кететін
Сансыраған сал-тірлікке төзбедім.

Жалықтырды, жалықтырды ез сезім,
Өмір мәнін және ұқтырды –
Тез сезін!
Жығылғанды жер көтерер, көтерер...
Қате айтсам да болса дедім өз сезім!

Бүгіндерде адам – артист, сөз – ойын...
Көре тұрып қалай ғана төзейін?
Сырт айналып сырғақсыған достарға
Бар айыбым болғандығы өз ойым.

Ессіз, көзсіз жүрмедің деп елге еріп,
Кінәлайды, ұялғаннан жерге еніп,
Кете жаздап... қайта еңсемді көтерем,
Арандатқан, алаңдатқан –
Пенделік-ай, пенделік!

ЕРТЕҢІМЕ КЕТТІМ ЕРІП...

Қыркүйек кеп атты алғашқы күз таңы,
Жүр төбемде арманымның құстары.
Көңілімнің, өмірімнің құштары...
Қияндарға қанат қағып ұшты әне
Томпаңдатып қасымда екі немерем
Былтырғыдай ерте тұрып мектепке
Бара жаттық,
Бара жаттық біз тағы.

Бала оқыту – ұрпақ қамы, ел қамы,
Білімменен тірліктің де енді әрі,
Білімменен толысады жер дәні.

Ертеңімді ертіп алып қасыма
Ерке күнге еріп кеттім мен дағы.

Атқан әрбір арай таңмен бірге өсіп,
Жүргендейміз қуаныштан нұр кешіп.
Ата-әже, әке-ана, бал бақыт...
Көшелерде жүрген сынды гүл көшіп.

Ата болып менің жиып-тергенім
Қос немерем – Әйгерімім, Ерденім.
Ата қаздай соңыма ертіп екеуін
Қандай бақыт білім іздеп келгенім.

Ерек еді бүгінгі күн таң қандай,
Шыққан сынды үйлерінде жан қалмай.
Көрші шалмен, кемпірменен жарысып,
Ертеңіме бара жаттым армандай.

Қуаныштан елпең қағып, жан қалмай,
Өшкен бағым қайта алаулап жанғандай.
Қос құлынымды томпаңдатып қасымда
Білім күні Бақыт туын көтеріп
Ертеңіме кеттім еріп армандай!

ҚАЙДА БАРА АЛАМ

Сынап жатырмыз,
Тоқтаусыз сынап жатырмыз,
Неткен кеңшілік,
Жоқтаусыз шыдап жатырмыз,
Аралға керек,
Мертіккен маралға керек,
Күннің көзіне қарыққан жанарға керек.
Қысқасы оған, маған да,
Саған да... керек.
Қаттаулы,
Бәрі жаттаулы санамда зерек.

Балқашқа керек,
Жаралы жартасқа керек...
Сынап жатырмыз,
Есепсіз сынап жатырмыз,
Есесін елден тынымсыз сұрап жатырмыз!..
Тартылған өзен,
Сағымдай сарқылған көлдер,
Өртеніп отқа,
Жалынға шарпылған белдер,
Суырған құмды аңызғақ, аңқылдақ желдер,
Әзірейілдей алапат ант ұрған кендер...

Ертеңге басты қатырмай кесек атамыз,
Қалайша гүлдеп,
Қалайша шешек атамыз?
Соңынан санды бір соғып,
Қайырын тілеп
Есеп ашамыз кетсе де неше қатамыз,
Сауатымызды ашып кеткендей Есек-атамыз .

Құлшылық етіп құдайға,
Құран оқыған,
Атамнан өткен-кеткенді сұрап отырам.
Адамның бәрін өзіндей мейірбан көреді
Өткізіп алып көбіне кейін мән береді,
Бейқамдығына ішімнен жылап отырам,
Күл боп кетерін ұқпайды УРАН отынан.

Қалдырып артта думанды базар күндерін,
Шеңгелін салып,
Бүркіттей тажал бүргенін,
Сезбейді қайран қартым-ай сәби көңілді
Айналасында анталап АЖАЛ жүргенін.

Көбейді бүгін жүрегі жараланғандар,
Сыймайды мынау тұншығып далама заңғар.
Мүсәпір қолын созады Батысқа қарай
Жаны қарайып,
Жазықсыз қаны ағарғандар.

Алаулап Елдің тұрса да Туы шебінде,
Білмейді қайдан алаңсыз су ішерін де.
Ауа да,
Жер де,
Жел де улы,
Улы бәрі де...
Күдікпен шошып қарайды гүлдің нәріне,
Қара құрт түсіп қор болдық ҰЛЫ СЕНІМГЕ.

Бабаларымның қор болып өттім дегені,
Тасты тасқа ұрып,
Өңештеп отты үрлегені,
Құлық-сұмдықты көп оқып,
Көп білмегені
Бақыт екен ғой,
Мен қазір сондай өмірге
Тәрік қып бәрін,
Ойланбай кеткім келеді.

Кеткім келеді,
Кеткенмен қайда бара алам,
Алдымды аршыр жоқ бір де қайнаға, ағам...
Адасып жүріп бұрын да шиырлап кеткен
Құтақыр жерге амалсыз қайра оралам,
Қайра оралам,
Бәрі бір айналам аран.

ЖЕҢІС НҰРЫ

Көктем айы –
Мамыр айы,
Түзелер шақ ауа райы.
Күллі әлем тыныштықтың
Кепіліндей таныр айы!

Асулардан, еңістерден...
Арып-ашып Жеңіс келген.
Қуаныш та, қасірет те
Бір-ақ күнде тегіс келген.

Жас-көрінің күткен күні,
Сұм соғыстың біткен күні.
Қабат келген қалың елге
Тіршіліктің құт пен мұңы...

Қалаларда, далаларда,
Әжелер де, аналар да...
Қуанып жүр, күңіреніп жүр –
Қайшылық көп саналарда.

Көз тоқтатып қарағанға,
Кіл қайшылық саналарда.
Кей үйлердің оты өшкенмен,
Кей үйлерде сәби туып,
Өмір жылжып барады алға.

Өткенменен жарты ғасыр,
Шертеді әр күн халқына сыр.
Тек жалғасқай қуанышпен
Күндерім бар алтын, асыл!

Жеңіс күні –
Арты қайыр.
Шаттан, елім!
Жарқыра, нұр!
Мәңгі өлмейтін әкелердің,
Ағалардың арманындай
Алау болып
Шалқы, Мамыр!

КІММІН МЕН ОСЫ?

Дұшпаны көп,
Санаулы досы,
Ұшқаны жоқ,
Жоқ көңіл хошы,
Жарды кіл жағалап жүрген,

Өтірік жылап,
Өтірік күлген,
Ырылдамас жерде ырылдап бір дем,
Үрмес жерде де үрген,
Мен кіммін осы?
Даңқ дер даңқы,
Атақ дер атағы жоқ,
(Кей-кейде ол да жанға батады көп).
Дос деп жүргендер,
Сыртынан сынап,
Бетіңе күлгендер
Айнала беріп,
Жүрген боп қасыңа еріп,
Оңдырмай сатады кеп.

Жыладым, күлдім,
Құладым, жүрдім,
Үйрендім, білдім,
Ылдым-жылдым...
Осы мен кіммін?..

Бәйгеге түстім,
Сұлуды құштым.
Суды да іштім,
Уды да іштім.
Іштім де құстым,
Басымнан ұшып
Барады құс-күн...

Таң асып келдім,
Адасып көрдім,
Жар асып келдім,
Тау асып көрдім.
Ылдимын, өрмін,
Тірілдім, өлдім.
Маздадым, сөндім,
Бәріне көндім...

Ұшудай ұштым,
Құшудай құштым.
Біреуге мүскін,
Біреуге күшпін,
Көкке де самғап,
Жерге де түстім.
Тағатсыз құспын,
Қанатсыз құспын.

Астында шаңның
Адасып қалдым,
Жөн таппай қалдым,
Өзім де таңмын.
Бозала таң-ай,
Оза ма, қалай?!
Айналам күңгірт,
Айналам арай.
Жауында жүрдім,
Дауылда жүрдім.
Өзіме аян,
Жаныма сая
Бермеді бір күн.

Айдын да досы,
Күннің де досы,
Жынның да досы,
Пірдің де досы
Болғым келетін,
Толғым келетін,
Бері асып бір дем,
Әрі асып бір дем,
Адасып жүрген
Кіммін мен осы?!

ЖҮРЕГІМДЕ ЖАРА ЖАТЫР

Біздің жақтан Алматыда
Көп емеспіз –

Санаулымыз.
Алатаудың жәннатына
Көшіп келсе бар ауылымыз,
Гүл жамылған қала көріп,
Қарық болып қалар едік.
Қарашы әне, түнгі аспанда
Шоқ жұлдыздар жанады өріп.

Сәбит туған, Ғабит туған...
Мағжан от боп жалындаған,
Тарқамайтын сауық-думан,
Қасиетті дарын далам,
Алмағайып арасында,
Солғын тартып барасың ба?
Қазақтарың татардан аз
Қызылжардың қаласында.

Арман далам, орман далам,
Өмірі аңыз болған далам.
Қарлығаштай қанаттанып,
Кетеді ұшып бәрі аттанып.

Кәмелетке толған балаң.
Уақыт бізге «болысты» анық,
Жаңға жайлі қоныс тауып,
Таланттарым түлеген жер
Бара жатыр орыстанып.

Ұлыларым сайрандаған,
Қасиетті қайран қалам,
Қазақтарың татардан аз,
Қайран қалам,
Қайран қалам!
Айналасы мұнарланып,
Аз боп сағы сынар халық.
Өз елінде, өз жерінде
Бара жатыр шұбарланып.

Шұбарланып бара жатыр,
Мың толғанып дала жатыр.

Аз қазаққа өз жерінде
Болмаса екен заманақыр...
Көкірегімде мұң-нала жатыр,
Жүрегімде жара жатыр!

ҚҰДАЙДЫҢ САҚТАҒАНЫ

Шындықты шындық деуден қалып барып,
Енді-енді айта бастадық арып-талып.
Ұлы деп жүргеніміз ұры екенін,
Бүгін ғана алғандаймыз анық танып.

Қыран көңіл, шалқыдық, шарықтадық,
Биігіміз қай тұста, анықтадық.
Шапқанда бай баласы, тоқтағанда...
Қонарымыз жұмыр жер екендігін
Ұққандаймыз оны да барып-барып.

Тағдырдың қаңтары мен ақпаны әлі,
Аптығын баса алмаған, сақтанады.
Бодандықтан бүкшиген бүркеншек күй,
Бүгін тани бастадық ақ, қараны...
Аңдап басып айшықты жол арасын,
Келдік аман, енді ол күн жоламасын,
(Аңдамасаң құрдымға жоғаласың)
Дүр сілкініп көтерген еңсемізді
Бір-ақ күнде түрленіп шыға келдік.
Қыран құстай түсірген томағасын.

Бүгін тани бастадық ақ, қараны...
Мақтанса ел соны айтып мақтанады.
Қар кетсе де жер бетін гүл жапқанша,
Көңілдерде кілегей дақ қалады –
Достарыңның сатқаны, сатпағаны...
Қиындықта сатпайтын досың болса,
Көп бәледен тәңірінің сақтағаны!

СЕНІ МЕНЕН МЕН ҮШІН

Адам үшін бәрі де – сені менен мен үшін,
Дүниедегі сыр-сымбат, дүниедегі келісім...
Жақсы жандар жүрген соң
жанымызды нұрға орап,
Жақсылықтар болады жадыратар ел ішін.

Шығамысың жол шегіп, алыс, қиыр сапарға,
Келемісің басқа елге, танымайтын шаһарға...
Жақсы жандар көп болса айналаңды қоршаған
Білінбейді бірі де таңын күліп атарда!

Сәлем берген жандардың ақ ниетін құп алып,
Күнмен бірге шығасың қарсы алдынан қуанып.
Жақсы адамдар! Жүре бер мені
Күндей айналып,
Жақсылықтың нәріне жүрегімді суарып!

Жақсы адамдар!
Жүре бер жарқыратып ел ішін,
Нұрландырып жаһанның ылдиы мен еңісін...
Сендер берген ЖАҚСЫЛЫҚ –
адамзаттың БАҚЫТЫ,
Соның бәрі, бәрі де...
СЕНІ менен МЕН үшін!

ӨЗІНДЕЙ ҚҰДІРЕТТІҢ

Бір күннен бір күн озған мына ғұмыр –
Жақсының, жаманның да... тұрағы бір.
Асқақтап кейде төбем көк тірейді,
Кей-кейде еңсем жер боп тұрады кіл.

Тірліктің ой-қыры көп, талас бар ма?..
Шалқимын жақсылармен жанасқанда.

Көңілім көкжиекте, қара аспанға,
Әзілім асылдармен жарасқанда.
Әшейін күндегідей бірі көптің
Емеспін, күркіреген құдіретпін!
Жұбаттым жылағанды, жүректерге
Мейірім, шапағаттың гүлін ектім.

Өзіндей құдіреттің өлмес Адам,
Жақсыға, жақсылыққа көлдесе әман.
Кеудемді арман кернеп тұрған шақта,
ПЫРАҚПЫН,
Хас жүйріктей өрге шабам!

ТӘУБА ҚЫЛАМ

Жарығым-ай,
Басы жұмыр пенденің жары құдай.
От болып жаралсаң да бұл жалғанда,
Жүре алмайсың алаулап жанып ұдай.

Жан шуағы –
Тірліктің тамыр тартқан шамшырағы.
Уақыт-қайрақ алмасты жұқартқандай,
Кемиді сезімнің де тамшылары.

Өмірің де,
Көктемдей шешек атқан көңілің де...
Бірте-бірте гүл өңін жоғалтады,
Кезіңде аңдамайсың оны мүлде.

Лағыл арман,
Жастығында кім оны тани алған?
Перзенттерін фәниден аттандырып,
Қалады артта опасыз кәрі жалған.

Ұлым да, қызым да бар,
Уақыт өтсе әрімді, жүзімді алар.
Сайраған сара даңғыл болмаса да,
Артымда азды-көпті ізім қалар.

Бау-бағымнан,
Керексе жеміс үзер жау да бұдан.
Бедеу ғұмыр кешпедім тіршілікте,
Шүкірлік, мен барымды тәуба қылам.

ҚИМАЙСЫҢ

Бағылан сойып, сарыала қымыз сапырып,
Шалқытып әнді, ақ таңды көзден атырып...
Думанға бөлеп дүбірлі мына дүниені,
Жатқан да жоқпыз күнара қонақ шақырып.

Арман ғой шіркін, арман ғой бәрі, арман ғой...
Өреміз төмен, көрсетіп жүрміз жалған бой.
Жақсылық күтіп, емексуменен ертеңге,
Жол қарауменен көзіміз ұзақ талған ғой.

Жол қарағандай көзіміз ұзақ талған ғой,
Тоса да-тоса талайдан көңіл қалған ғой.
Өтірікке зорлап сендіріп жүрміз көңілді,
Болмаса... шындық дегеннің бәрі жалған ғой.

Өмірде бәрі... бәрі болады, не керек,
Жазда қар, қыста жаңбыр жауады себелеп.
Отқа да күйіп, суға да түсіп кейде Адам
Жүреді бейне секілді көзсіз көбелек.

Көктем шыққанда, көзді арбап алар гүл-өңір,
Жан нұрыңменен жарық қып үйге күле кір.
Қызығымен де, шыжығымен де... бәрі бір,
Қоштасар сәтте қимайсың –
Қымбат БҰЛ ӨМІР!

* * *

Өмір қандай, жарымды бүтін еткен,
Өлім қандай, жанымды тітіреткен.

Ажал деген – Аждаһа, Аждаһаның
Алдында батырдың да құты кеткен.

Бастан кешіп қаншама нала-мұңды,
Таза ұстасаң, сол ерлік жан, арыңды,
Қара жердің қойнына түсі суық
Қимайсың жақсың түгіл жаманыңды.

Өмір, өлім – өзіндей мәңгіліктің,
Түнге ілесе туады жаңғырып күн.
Ақтық демің біткенше жетелейді
Жарығы мен шуағы таңғы үміттің.

Мәңгі майдан бітіспес – өмір, өлім,
Жан құдайдан, түтеп тұр төңірегім.
Біріне тойымы жоқ, тәубасы жоқ,
Аждаһаның өзіндей көрінемін.

Құзғын іліп әкетті бозторғайды,
Үндемес ем, түрткілеп сөз қоймайды.
Алдыменен АДАМНЫҢ өзі – аждаһа,
Көңіл тойған кезде де көз тоймайды.

Мұңына мұң қосқандай қара түннің,
Ұйқы көрмей, мазасыз таң атырдым.
Уызымен өлеңнің ауызданғам,
Ақын болып туғанда жаратылдым.

Көк тіреген жан емен төбемменен,
Көп алдында көлбеңдеп, көлендемен.
Өлсем, жұртым басымда өлең оқып,
Ел алдында ойымды өрелі етіп,
Жаназамды шығарсын өлеңменен.

ЕСІЛ СӨЗІМ

Ән азайып өмірде,
Сән азайып...
Алаяқтар жаныма жара жайып,

Зұлымдықтар сүліктей сумаң қағып,
Жақсылықтың барады саны азайып.

Ірбің-кірбің кірлетіп көңілді аппақ,
Жалынымен жайлады өңірді аптап.
Бүйі шағып алардай жирыласың,
Табаныңның астынан шөгір қаптап.

Күндеріңнің құтынан жұты басым
Жұты басым, қылғынып жұтынасың.
Ен дарияның ішінде шөлің қанбай
Тұрғандайсың,
Қайткенде құтыласың.

Кімге керек бұл тірлік, неге керек?
Сұрап көрші, зекиді «Немене?» – деп.
Қанға біткен қазына байлық-ау деп,
Жатқан жан жоқ талантты елеп ерек.

Тірлігінде төбе де, тау да көрдің,
Басын талай аршыдың даудан ердің.
Еркіндігін қорғаған жаудан елдің
Батыры мен қазақтың ақынынан
Бағасы артты бүгінде саудагердің.

Намыс жыртар кімің бар, кімің қалды,
Жөн айтты-ау деп кім тыңдап тіліңді алды.
Сөзін қойып абыздың өзін де ұқпас,
Есіл сөзің есерге шығындалды.

Несін білдің онында, несін көрдің,
Түйіні көп жоқ шешім мен кесімдердің.
Талайынан торығып-түңілгендей
Қалмады ма емексіп есіл көңілің.

ИЫҒЫМДА ТҰРҒАНДАЙ АБАЙ ҚАРАП...

Секілді бәрін сырып қойған адам,
Кей-кейде Абайды оқып ойға қалам.
Бәрін айтып қойған-ау қайран бабам,
Қалай соны мен бұрын ойламағам.

Ұға білген әр сөздің нарқын әман,
Інжу шегіп, күмістеп, алтындаған...
Ойлап көрсем –
Бәріміз қайталаумыз,
Сөз қалмапты Абайдан айтылмаған.

Сүю ме?
Сүюдей-ақ сүйе білген,
Жан емес тәңірінен сый емінген.
Күй өмірге берерін түгел беріп,
Бәрін алып кеткендей күй-өмірден.

Құшағын барша жұртқа ашпаса да,
Білген ол достаса да, қастаса да,
Ұлы Абайға бір соқпай өтпейтіндей,
Әулие ақын жыр жаза бастаса да.

Сөз де шіркін қонарда қалай ма бап,
Сөйлейін деп ойлаймын абайлап ап.
Жыр жазғанда жебеуші-періштем боп,
Иығымда тұрғандай Абай қарап.

БІР АҚЫНҒА

Басынан өткеріп жүр ел талайды,
Ойласам көкірегімді өрт орайды.
Біреуге атақ, даңқ, мансап, байлық...
Біреуге туып-өскен өлке қайғы.

Бармақтай бақ қондырып бармағына,
Сол атақ алмағы да, арманы да.

Бәрін де бермес жерден сұрап алып,
Демейді:
“Дақ салдым-ау арға мына!”

Алар бәрін –
Жан қоймас, сұрап алар,
Мүләйімсіп, жалынып жылап алар.
Ал, бермесе,
“Біл енді, жауыңмын!” – деп,
Қарсы бетке қасқиып шыға қалар.

Қонғандай-ақ сол үшін жанына жыр,
“Береріңді бер шапшаң,
Кәне, қазір!” –
Дейді тынбай дікілдеп, сол ойынан
Шықпай қалса “қу” дей ме, “құмай” дей ме,
Бәрін айтып қалады –
Бәріне әзір.

Қоя сап “еркем-айды, көркем-айды”
Тұмшалап тұлабойын дерт орайды.
Қалғып кетсе,
Көрері Алтын жұлдыз,
Алмай қалса қалайша шер тарайды.

Аз көрініп бұрын да басқа алғаны,
Ендігі тірлігіңнің басты арманы –
Жұлдыз боп тұр, жолында арын, барын
Баспалдақ қып өтуден жасқанбады.

Өтірік те, жала да – бәрі, бәрі...
Бір оятып көрген жоқ арын әлі.
Алу ғана – тәңірдей табынары,
Тоймас, қоймас араны танылады.
О, тәңірім!
Әр қадам, әр аттамын,
Өн бойына ісік қып таратқаның
Көрініп тұр ісінен іріңдеген,
Әйтеуір мерез қылып жаратқаның.

Қой, көңілім, лайланбастан лайланба,
Ықпайды енді ол ешкімнен бұ майданда.
Кім біліпті,
Бәрі де өзінен бе,
Болмаса жаратушы құдайдан ба?!

КӨҢІЛ КІРБІҢІ НЕМЕСЕ КЕЙ АҒАЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА

Мұнымды ұнат,
Мейілің мүлдем ұнатпа,
Тірлікте мынау сүрініп талай
құлап та ...
жүреміз,
бірақ тимейді кезек кезінде
ойынды айтуға сөзіңді тыңдар құлаққа.

Тәңірім жебеп,
ағайын ағам жебелеп,
бақ сыйламаса шегелеп,
тақ сыйламаса шегелеп,
Зекіп те болса әкім сөйлейді,
салт солай
әкім болмадым,
АҚЫН боп тудым не керек?!
Қырға да шыққам,
ойға да барғым келмейді,
әкім шіркіндер баландай,
бірақ "сен" дейді.
Өрелік қылу,
төрелік құру бір басқа,
тәңір жаратқан кезекті сөзді бермейді.
Шындығым, сырым,
тірлігім, тыныс, қорегім,
бақытым, барым,
байлығым ... Бәрі – өлеңім.

Ағайын-жұрттан аларым,
құндап берерім –
өлеңім өлсе,
өзім де сол күн өлемін.

Сұңқар да болсам сыпырылмаған томағам,
томаға-тұйық толысым,
қайтіп тола алам.
Жанынан бөліп бермей-ақ қойсын,
өкпем жоқ,
секілді кейде барым-бағым тонаған
болса қайтемін өзге жұрт емес
ӨЗ АҒАМ
Бар-жоғым осы,
бола алман құдай жердегі,
өкпе емес мұным,
көңілдің ащы кермегі.
Кінәлі мен бе,
кінәлі десең өзің айт,
АҚЫНДЫҚ берді,
ӘКІМДІК бірақ бермеді.

Қырға да шыққым,
Келмейді түскім ойға да,
Ақын едім деп желігіп барғым тойға да.
Маңдайдан сипап, арқадан қағар адам аз,
Байлығым, барым,
Баққаным жалғыз ОЙ ғана.

Тілегің алда,
жарар деп бір күн кәдеңе,
өзгелерге ұқсап өперсек-ау деп дәреже
ойлаған да жоқ,
ойлағандары өз қамы,
жазғаным жұрттың жанына жетсе болғаны,
өмір өлшеулі,
келеміз тақап мәреге.

Ініні үкілеп,
мақтаныш көріп ағаны,
жақындатсам деп алшақтау жүрген араны
ойлаймын ылғи,
тасынған көңіл басылған,
қалады бір күн,
бәрі де, бәрі қалады.

Ақын көңіл-ай,
суынам кейде, қызынам,
Үміт үкілеп ұлдары тұрмақ қызынан,
дүр етіп шығып,
тұлетіп топқа қосатын
басқа ағайындардың ағаларына
ылғи қызығам.

Көремін бәрін,
мықтарым – мұқап-тоза алам,
Жаратып топқа қоспаса,
қайтіп оза алам.
Барымыз осы, жоғыңа жүйрік жете ме,
жақсы болса да, жаман болса да өз ағам.

Жиған байлықтай мысқылдап теріп,
жұрнақтап...
жүремін тауып,
көңілім ауып бәріне,
қарамай кейде өзімнің қауқар-әліме
қолымнан келері –
көтерем көкке кіл мақтап,
өз ағаларым ғой,
өзіме содан қымбатты-ақ.

Түсін, АҒАЙЫН,
түсінгің келмесе, түсінбе,
жақсылықты ылғи көремін жалғыз түсімде.
Сырт көзге сырбаз,
сыр алдырмағансып жүргенмен.
Қастек айтқандай
ЖЫРТЫҚ-ЖАМАУЫМ ішімде!..

1998

ЕНДІ ҚАЙТСІН?..

Ел жаңарып,
Заман да "жаңаланып",
Туып жатыр ұғымдар "заманалық".
Парқын ұққан нарықтың бәрін ұтып,
Ұтылуда "парықсыз" қара халық.

Қара халық ұққанға ДАНА халық,
Түлететін төрі мен даланы АЛЫП.
Көкірек көзі ашық білген жанға
Даналықпен көрінер ДАРАЛАНЫП!

Тұра қалды тас қамал араға нық,
Нысанасын көздейтін табары анық.
Кетпегенмен қазақтың бәрі оңалып,
"Жаңа қазақ" бекінді санаға нық.

Ашық жасап ашкөздер барымтаңды,
Айта-айта шындықты жағым талды.
Арзан атақ, ақылдың бәрі қалды,
Мыңдар жұтап,
"МЫҚТЫЛАР" жарылқанды.

Бірін беріп "жарылқап",
Мыңын алып,
Ырғалады жас қазақ ыңыранып.
Тумай тұрып тірлігін біліп алып,
Білмейді деп ойлайды мұны халық.

Шел қаптаған көзіне,
Көресің бе,
Тынағының кіршік жоқ көбісінде.
Даласы Анасындай,
Анасының
Тайраң-тайраң ойнайды төбесінде.

Кімнен туды? Кім болды?..
Көбі есінде қалмағандай,

Арманы – ТӨР есінде.
Әкені де ұмытқан,
көресің бе –
Тайраң-тайраң ойнайды төбесінде.

Көкірегі – дерт,
қан құсып жөтеледі,
Құлы болып ұлының өтер еді,
Анам-ау деп ақ сүтін
ақтамас,
Өзін алып жүрерлік қауқары жоқ
Төбесіне қашанғы көтереді?...

Іштен шыққан өз ұлым мені ұғар деп,
Халық-Ана ұлына сеніп әлек.
Бересісін берердей беріп әлек,
Көніп әлек,
көресін көріп әлек.

Алай-дүлей күңіреніп жан әлемі,
Күйзелуде жүрегі жаралы елі.
Енді қайтсін –
Елбесіп күн көреді,
Қалмаған соң басқадай барар жері,
Болмаған соң басқадай амал-емі,
Амал-емі!!

СЕНБЕЙТІН БОЛЫП БАРАМ

Ойламайын деймін-ақ, ойламайын,
Елге кетіп одан да қой бағайын.
Амалың не әу баста тағдырымыз
Матап-тіркеп қойған соң ойға дәйім.

Ойсыз, мұңсыз кеудемді қуыс қылып
Жаратпай, қойған оймен туыстырып.
Баз кешіп-ақ кетейін дегенменен,
Іздеп қайта табады тіміскі үміт.

Көз алдымда бүгінім, кешегім де...
Бәрі, бәрі миымның есебінде.
Қол ұшымды біреуге бере алдым ба,
Ауырымды аудардым кеше кімге.

Сері көңіл, кешегі тойлар да арман,
Өткенімді аңсатып қойған жалған.
Ойламайын деймін-ақ, тіршілігім
Не болады ертең күн ойдан қалған?

Орда бұзып, жау шебін ойрандамай,
Бүгін ішіп жегенге, тойғанға бай
Тоғышардан қорқамын, төңірегімді
Қамалаған құтылам ойдан қалай?

Есті ашығып, есерлер тойған заман,
Жүрегімді сыздатып қойған жаман.
Бәрі қараң, бүгінде бәрінен де
Үмітіңді ірітіп қойған жаман.

Ұрғашысы, ойымның еркегі де...
Ұқсап кете береді ертегіге.
Бір ойыма бір ойым қиыс келіп
Сенбейтін болып барам ертеңіме.

ТӘУБАМНАН ЖАҢЫЛМАДЫМ

Қаршадайдан ат жалын тартып мініп,
Келгенінше шамамның шалқып күліп,
Тірлікте өзімнің кім екенімді
Ел-жұртыма келемін айта ұқтырып.

Қанша күрес өмірде, қанша майдан,
Бәрін бастан өткердім қаршадайдан.
Кем тұтпадым өзімді ханзададан,
Өз үйімді ордадан, хан сарайдан.

Өз шамамша ұтылып, ұтқанымды,
Жекпе-жекте жығылып, жыққанымды...
Шамаладым, басқаға қарамадым,
Елден таптым бойдағы құт-нәрімді.

Жалпақ жұртқа ойымды сарқа ұқтырып,
Көрінуге тырыстым шалқып, күліп.
Шүкіршілік, тәубамнан жаңылмадым,
Біреулерден кем тұрып, артық тұрып...

23.11.1999

БӘРІНЕН ДЕ...

Талай естен танатын жиын болар,
Сол жиынға бара алсаң, сыйың да оңар.
Сыртың бүтін ақынсыз, ішің түтін...
Бірақ сенің ұғар ма күйіңді олар?

Затың қайдам, даңғара атың қандай,
Жалпақ жұртты қоғаша жапырғандай.
Сыйың болса тәуба де, күйің болса,
Қатарынан қалдырмай шақырғандай.

Құнсызданса теңгең де тиын болар,
Көңілің де алай-дүлей құйын болар.
Ұша алмаған аққудай қар үстінде
Үсіп жатсаң тобыңнан қалып қалып
Бәрінен де сол саған қиын болар.

МЕНДЕ НЕ ЖОҚ

Менде не жоқ, бәрі бар,
Азаматтың ары бар,
Қазағымның қаны бар,
Әз атаның жаны бар,

Қиятындар жақсыны
Ақын – дейді танымал,
Соның бәрін ұмытсам,
Намысымды жанып ал,
Таны, ағайын, танып ал.

От шашатын көз де бар,
Топқа айтатын сөз де бар,
Айбарым бар, сұсым бар,
Дауаң жетсе, көздеп ал,
Бір кісілік бой да бар,
Ақыл да бар, ой да бар,
Құятындай көзге нәр.

Жаным сүйген жар да бар,
Қырмызы жүз, қынай бел.
Қияға сап өз-өзін
Қиындықта сынайды ер...
Ұлым да бар, қыздарым
Иман жүзді, ибалы
Қызығумен қарайды
Барлығына былайғы ел.

Құдай қосқан қосақпен
Бір тұрамыз, бір жатып,
Бірімізге біріміз
Сыйластықпен тіл қатып.
Ерте демей, кеш демей
Ағайынды қарсы алып
Бәйек болып жүреді ол
Шамасынша жан салып.
Мына фәни жалғанда
Соның өзі бір байлық,
Жеткізердей арманға
Таптырмайтын бір бақыт.

Көңіліміз тоқ әйтеуір,
Кедейміз бе, баймыз ба,

Патшамыз ба, ханбыз ба
Әлде жақыбай жаймыз ба?
Тиянақсыз тірліктей
Табанымыз тайғанақ,
Қорқақтаймыз тайғанып,
Кетеміз деп қай мұзда.

Арым мөлдір таза ма,
Әлде айғыз-айғыз ба?
Сұқтанбадық сұғынып,
Қай сұлуға, қай қызға.
Енді санап басамыз
Қадамымыз өлшеулі
Тосып тұр деп сұм ажал,
Қай қылтада, қай құзда...

ЖЕТПЕЙСІҢ ҚУЫП АРМАНҒА

Ыстықта күйіп, суықта жаурап тоңғанда,
Табаның тайып, жүргенде ғайып жолдарда.
Ертеңгі күннен қашып құтыла алмайсың,
Жетпейсің бірақ, үмітіңді үзбей жалғайсың,
Сонда да шіркін арманның
азаяр шағы болған ба?

Тауыссаң-дағы шет-шегін шарлап ғаламның,
Қауышсаң-дағы бәрімен жақсы-жаманның
Ертеңгі күнге елегізумен тұрасың,
Бар ма екен, сірә, армансыз күні адамның,
Армансыз күнге жетсем-ау деумен алаңмын.

Қызығына да, шыжығына да тоймайсың,
Жаныңды өртердей қызуына да тоймайсың.
Фәни жалғанның жалғанын біле тұрсаң да
Шәйтан сықылды мың жасайтындай ойлайсың,
Ойлайсың, содан бір күндігіңді тойлайсың.

Кәрі де, жас та арманда содан, арманда...
Бәрі де – сау да... дүмбілез мас та арманда.

Меңіреу дүние, түк емес берген, алған да,
Күн-түндер озып, созып
мойыныңды сарғайып атқан таңдарға
Жетсем-ау деумен жете алмай жолда қалғанда.
Өң менен түстей, боздайсың іштей,
Қозғайсың мұң мен шеріңді
Өрісің бітіп барып-келетін жеріңді
Таусыңқырап алғанда!

Жарық дүние – бақ пенен сордың мекені,
Кей-кейде соның белгісіз кімге не екені.
Арманды қуған, таңдарға думан жете алмай
Бейбақтар талай өмірден өксіп өтеді.

Қарыны тойған, безініп ойдан, ардан да,
Дүние-боқ деп таңдарын ұрып таңдарға
Жиып-тергені көзіне құмдай құйылып
Үлгере алмай тәңіріне де сыйынып
Талай бейбақтар кете барады арманда!

БАҚ ТІЛЕ

Отыз алтыншы жыл,
    бесінде тудым маусымның,
Талайын көрдім тәкаппәрсынған
    "тау-шыңның",
Сарқыншағындай анадан туған қанша ұлдың
Сандалып қалдым,
    қажалып-қажып, таусылдым.

Мұңға бергісіз сырыма бір сәт құлақ сал,
"Өрнегім" менің дүниеде жоқ жұмақ-шәр.
Ауылға барам, алды бар және арты бар –
Ал, отыз алтыдан құрдас деп айтар бір-ақ шал.
Жүрген жерімді есік те демен, төр демен,
Кезім де болды өрге шапшыған, өрлеген.
Аңырмасам да ағаларымды айтып көрмеген,
Екі інім екі қанатым еді сермеген.

Ағасы емес, әкесі болған жандай ем,
Олар жүргенде, мамырлап атқан таңдай ем,
Жүрегімді ылғи сыздатқан ашық жараға
Ағайындар-ау, айта аласыңдар қандай ем.

Көп болып па еді тасыр күндерім тасыған,
Жігерім мұқап, тауым шағылып жасынам.
Күпірлік болар аз ғұмыр кештім дегенім,
Асып барамын пайғамбардың да жасынан.

Ішімде алау, көретін көзге сыртым сау,
Жамау да жамау... қаусырап тұрған кіл құрсау.
Ұмыттырардай іштегі у мен зәрімді,
Жадырататын жанымды жайсаң жыр туса-ау.

Ой, ой, ой...
Пәлі таусылмайтын бұл ойларды-ай,
Тірлігім – думан, тарқамайтұғын тойлардай.
Өзімді өзім сезінем қуыс қурайдай
Қауқарсыз, бірақ сыртынан сырлап қойғандай.

Қайғысыз, қамсыз тұрғандай алда бәрі әзір,
Еңсені басып, көтертпей бойды зала зіл.
Тұрса да кейде дым сезбейтұғын меңіреудей,
Сөзің де алдамшы, өзің де алдамшы, әзәзіл.

Адам боп өстік дейтіндей жұртқа "БАҚ міне!"
Дос болсын адал тілегіңді айтар ақ тіле.
Тәңірім берген сөйлейтін тіл мен жақ міне.
Соғыс кезінің сормаңдай өскен баласы ек,
Тісіміз тимей телміріп қарар тәттіге.

Жетімек едік телміріп өскен тәттіге,
Уа, тәңірім, мынау құйтырқы заман әккі ме?
Құйтырқы кезде бәрін де көріп тойдық қой,
Байлық қимасаң, пендеңе сәл-сәл бақ тіле!

02.10.2000

БІЛЕ АЛМАЙ СОНЫҢ...

Көңіл – ақ қайың, тірлігім зәулім қара емен,
Жүремін мүлгіп жандағы мың сан дарамен,
Тамырым қаңсып қалмасыншы
деп тартылып,
Зәмзәм нәріндей ойыма демеу, дәрі егем.

Таң тауығымен жарыса тұрып сәріде,
Көшеге шығам қарамай қуат-әліме.
Өн бойым әбден үйреніп алған инеге
Құятын нәрдей илігіп бәрі-бәріне.

Ән-күй елтітіп қарсы алам солай әр таңды,
Тым кәрі де емен езетін ботқа-малтамды,
Тілімнен кейде запыран аралас у шықты,
Уытын алар алдамшы тәтті бал тамды.

Ғаламат әлем әрі тар мынау, әрі кең
Кей-кейде қашып құтылсам дейсің бәрінен.
Қалтаңдап соның соңынан ерген иттейсің
Өнебойыңды толтырып алып дәрімен.

Жас та емессің желкілдеп тұрған желегің,
Мас та емессің бар дердей кімге керегім.
Әрі-сәрілеу күн кешіп жүрген жандаймын
Біле алмай соның есеп-себебін, дерегін.

ЖАЙЫМДЫ ҚАЙСЫ БІЛЕДІ

Тұра тұр, құлыным,
Тұра тұр әзір сөйлемей –
Қызықтап бәрі балдырлата ма?
– Қой! – демей.
Қайтейін, бал-бұл тіліне мен де қызығам,
Қызғана жүріп үйдегі ұлым, қызымнан...
Сөйтсе де тағы қайсыбір суық көздердің,
Сескене берем сұғынан, суық сызынан.

Сескене берем,
Елуге жасым жеткенде –
Ата боп осы немере сүйген тек мен бе?
Ботаны бүркеп жабулап қана ұстайтын,
Атамдай әлде ырымшыл болып кеткем бе?!

Күледі маған,
Ұл-қызым бәрі күледі,
– Атасы-ау, сонша жаманың мына кім еді?!
– Дейді кеп шіркін,
Қытығыма әдей тигендей,
Иттер-ай,
Менің жайымды қайсы біледі.

Атасыз өскен әкелерінің тілегі,
Ата боп көру көп арманның бірі еді,
Ақылдары көзінің алдында жүрген күшіктер
Күледі –
Бірақ жайымды қайсы біледі?!

АБАЙ ТҰРМАҚ

Тозайын деп тозбайсың-ау, тозбайсың,
оймен мүжіп қайдағыңды қозғайсың.
Жырасы көп, ұрасы көп жолыңның,
Озайын-ақ дейсің, бірақ озбайсың.

Бір озбайсың, екі озбайсың, озбайсың...
Айтарың көп, түгеседі сөз қайсын?
Оздырмастар оздырмасын ұққан соң,
Бозінгендей боздайсың кеп, боздайсың,

Енді қайтіп өңешіңді созбайсың!
Сырты сырлы, су жұқпастай ажарың,
Тойың тарқап, ойыңның да азарын.

Білесің-ау, білген қиын дүниеде
Тарта жүріп ақылдың сор, азабын.

Төңірек тыныш, құлағында азалы үн,
Көрмеймісің хикметтің ғажабын?
Сәні азайып, мәні кеткен тірліктей
Азаяды онсыз-дағы аз өнің.

Сұлуларға көп-көп ауған назарың
Тым-ақ ерте тарқатқандай базарын.
Ой көбейіп, ұйқы азайып, амалсыз
Өгізаяң маужырайды жазарың.

Жүрегінде – дүниенің дүбірі,
құлағында – сыпсыңы мен сыбыры...
Төңірегінде – біреуінен бірі ірі
Ірілердің кімі ұлы, кімі ұры?
Айыра алмай сарысы ма, қызылы,
Көңілдің де көбейеді қыжылы.

Қаптап кеткен тамам кедей, тамам бай...
Кінәм жоқ-ау біріне де тағардай,
Жүргендеймін ұстараның жүзінде,
Арасынан өтетін жол таба алмай,
Қияметтің қыл көпірі,
Ой Алла-ай!

Тозар бәрі, тек айла-амал тозбайды,
Айта берсем, қайдағымды қозғайды,
Өлең – қайғы, өнер – қайғы, сөз – қайғы...
Мұздан, сыздан салқындаған жүрегім,
Отқа салсам, бұрынғыдай қозбайды.
Өлгеннен соң көтерілер еңселер
Бір жақсысы тірлігінде озбайды.

Өмір – шатақ, айналаңды абайла,
Кім бар, кім жоқ, алды-артыңды тағы ойла.

Басқан ізің, қашқан ізің – бәрі айла,
Сауысқандай айналаңа қарайла,
Көрден шығып жыр жарысқа қосылса,
Жүлде ала алмай қайтар еді Абай да,
Абай тұрмақ, Құдайыңа ел қарай ма!

ҚОС ПЫРАҚ

"Таңды" оқып ем,
шұғылалы таң атқандай,
Бар шуағын дүниеге таратқандай.
Айдай жүзін Мұхаңның нұр аймалап,
Сезімді селт еткізіп қаратқандай.

Сәуле шашып күллі әлем жанданды ма,
Жанданды ма, тірлікке қамданды ма?
Ғаламат құдіретке таң қалды ма,
Мұхаңның түпсіз терең жанарынан
Сыр оқыдым шежіредей "Таңнан" мына.

Көңілім кір шалмаған парақтардай,
Тебіреніп қалам алдым қарап қалмай.
Жүрегімді тербетіп жыр-періште
"Таңмен" бірге әлдилеп оятқандай.

Сонау биік "Шолпанның" сәулесі ме,
Мың құбылған уақыттың әуресі ме!
Өлім тілеп күйініп күңіренген,
Қорқыт тағдыр – Мағжанды салды есіме.

Күңіренген мұң мен шер – ән, күйі ме,
Шым батырып барады жанды иіне.
Мағжанды орап алғандай жөргегіне
Ұйытып бақи дүние әлдиіне.

Жарасып біреуінен бірі аспандай,
Жарасып "Шолпан" "Таңға" ұласқандай.

“Таң-Шолпан” боп көрінген нұрлы дүние
Көз алдымда биіктеп шың асқандай.

Көкірегі нұрланған шапағаттан,
Әке – үлгі ұрпаққа, ата – мақтан.
“Таң-Шолпанның” нұрындай атады ақ таң.
Сол ақ таңның қауырсын қанатында
Мұхтар-Мағжан жарысып көз ұшында –
Жарысып қос пырақтай қатар аққан!

ЖЫЛАУЫҚ КҮЗ – ЖЫЛАУЫҚ ҚЫЗ

Жылауық күз,
Жылауық күз секілді жылауық қыз.
Бықсып жанған іштегі шер-шеменді
Босатып алайықшы бір ауық біз.

Күн жылайды,
Күн жыламай күз келсе кім жылайды?
Алмағайып заманда жөн таба алмай
Жүргендер көп, томсарып тұнжырайды.

Жанымда күз,
Бірақ ішім өртенген жалын нағыз.
Бүгінгімнің бәрі де кіл құпия,
Таптырмайды тарихтан табылған із.

Біреу ұғып,
Заманның ағымынан біреу бұғып,
Қалады ішімізде ит өлгендей,
Сыр ашпайтын дүние кілең құлып.

Жылауық күз
Секілді бәріміз де жылауықпыз.
Соқыршектей жарылып кетпес үшін
Шер шығарып алайық бір ауық біз.
Келші бермен жақындап, жылауық қыз!

КЕШ ҰҒАСЫҢ

Уақыттың сескентпейді сесі кімді,
Ағаңның алпыстарда-ақ есі кірді,
Бір жүріп дос пен қастың айырмасын,
Маңдайын тасқа соғып кеш ұғынды.

Ғаламат, бір көрмеге шын-ақ бәрі,
Арайлап көкжиектен шуақ таңы,
Құбылып қас қағымда кете берер,
Арманның қол жеткізбес мұраттары.

Дүние жалған, қыр-сырын ұғар қайсың,
Жел үрлесе шайқалып құлардайсың.
Кешегі жүрген жолың – ұлан асу,
Тырбанып төбесіне шыға алмайсың.

Аздай ма елде қағылып, соғылғаның,
Тірліктің түсінбейсің көп ырғағын,
Көре-көре қиналып соның бәрін,
Ұғардайсың болғанын сорың қалың.

Солай-солай... тірліктің сесі басым,
Өзіңде жоқ, кім сенен не сұрасын?..
Малынған, шалынған көп күндеріңді,
Мәреден өтіп кетіп, кеш ұғасың.

ҮЗІЛМЕЙДІ ҮМІТ

Фәни тірлікпен хоштасар сәттікте әлсіреп,
Сандырақ ойлар біріне-бірі қайшы кеп,
Жүретін жолын айқындай алмай адасар,
Ақылды көп пе, ақымақ көп пе, қайсы көп?..

Тарам да тарам... көп еді неткен ой қандай,
Болдық-ау осы ойлардан мезі, тойғандай.
Жамандықты да, жақсылықты да жасаймыз,
Біріне-бірін жау қылып әдей қойғандай.

Алатын жанын алатын тәңірім алсын-ақ,
Дейсің-ау кейде шатасып ойдан сансырап.
Мең-зең боп басың, көзіңнен жасың тамшылап,
Жатқаныңда да үзілмейді үміт-шамшырақ.

ЗЫМЫРАҒАН УАҚЫТТЫҢ ДӨҢГЕЛЕГІ

Көңілің толқығасын, шалқығасын,
Жастықта сан қияға шарқ ұрасың.
Әттең-ай, бәр-бәріне жете алмайсың,
Шаршайсың, шалдығасың, алқынасың...

Шаршайсың, шалдығасың, алқынасың...
Оқ жетпес өр-қиялар даңқы басым.
Қанатың отқа күйіп, шарпыласың,
Мекіредей тасқа ұрынған тартынасың.

Көңіл-ай алабұртқан, ой-хой со бір,
Көзің-ай қарауытқан сойқан-содыр.
Білінбей өте берген алдамшы өмір,
Тілімдер жүректерді қалған шөгір.

Асқаның, тасқаның да... бәрі қызық,
Қызық үшін кетердей қаны қызып.
Сен үшін отқа күйіп, суға түсіп,
Беретін достар қайда жанын үзіп.

Іздейсің, іздейсің кеп... табардайсың,
Бәрібір таба алмайсың, аландайсың.
Зымыраған уақыттың дөңгелегін
Әттең-ай, кері жүргізе ала алмайсың.

ҚЫСҚА ҒҰМЫР

Келген адам өмірден көше беріп,
Бірте-бірте кетеді кешеге еніп,

Бір жақсысы – аттары асылдардың,
Жаңғырады қала боп, көше болып...

Алтын арай тірліктің құшқаны нұр,
Қонған бақ та, дәулет те ұшпалы бұл.
Қас қаққандай әр сәті қайталанбай,
Зымыраумен өтеді қысқа ғұмыр.

Аурухана – сарытөсек, сары уайым,
Бір қарасаң, керегің бәрі дайын.
Жарты жылдай көрінер жарым айың,
Жаныңды қанша жаман-жасқағанмен
Қайта айналап келмейді сәуір айы.

Ауырған жан оп-оңай өле алмайды,
Өзін-өзі алдайды, көп алдайды.
Ауру бірдей, ем бірдей көрінгенмен
Амал не, бәрі бірдей оңалмайды.

Біреу оқыс от, сумен ойнауменен,
Біреу елдің ертеңін ойлауменен
Өткізеді өмірін, тас құрсауын...
Босатып бір серпілтпей қойды-ау денем.

Ақын жатыр бұл жерде, әкім жатыр...
Тағы бір маскүнемге жақын жатыр...
Енді біреу азаптан құтыла алмай,
Бүгін өліп кетуге мақұл жатыр.

Кетпесе алып ертеңнің елесін оқ,
Мына өмірге біреудің бересі көп,
Жүре тұрсақ дейсің-ақ балаларға
Қарақшыдай қарауыл-демесін боп.

Арман бәрі, әйтеуір арман бәрі...
Тататұғын бітпесе алдан дәмі,
Сол арманға жетем деп әне-міне...
Қанша тағдыр қамданып, алданбады.

Ұстатпайтын алдамшы құс па құрғыр,
Айнала ұшып періште, мыстаны... жүр
Сағымдай көз алдымда дөңгеленіп,
Зымырап барады өтіп қысқа ғұмыр.

ТҰТЫЛҒАН ТҰТҚЫНЫМЫН

Мен кіммін, ағайындар, кіммін осы,
Көретіндей бірді қас, бірді досы.
Туған жерді пір тұтқан құр пендемін,
Дүниенің дейтіндей кіндігі осы.

Жүрген жанмын бірді іні, бірді аға ғып,
Жігерімді суарып, шыңдап алып.
Шаң жұқтырмас шашама шабандозын,
Асылдардың бір сөзі – мың қаралық.

Өмірім нәр еленіп, еленбеген,
Көңілім бар әрнеге елеңдеген.
Әр қазақ мені бірдей көре алмайды,
Мен қазаққа бірдеймін дегенменен.

Абай емен, Мағжан, не Қасым емен,
Олай асып-тасардай тасыр емен,
Білетінім, әйтеуір мен де ақынмын,
Және олардың соңы да, басы да емен.

Ақындардың соңы да, басы да емен,
Қайдан, қашан келерін басыма өлең
Айта алмаймын, айтарым, өлгенде де
Ой-арнама сыя алмай, тасып өлем.

Қарапайым қазақтың ақынымын,
Өзім деген пенденің жақынымын,
Айналам аман болса, мен де аманмын,
Айбынданып шығатын батыл үнім.

Өзегім – өрт, жыр берген өр кеудеме,
Қуат кеміп, оты өшіп сөнген деме,
Ақынды Алла жаратқан жасын қылып,
Ұшқын атып жататын өлгенде де,
Сақ болыңдар, ағайын, көмгенде де!

Ақынмын, туа біткен дертім өлең.
Тұтқынымын тұтылған еркіменен,
Қас қылғандай, есті алып мас қылғанда
Кезім жоқ өлеңге өліп-елтімеген,
Жан алып, жан берісер шақ туса да
Семсердей сермеп өлер сертім ӨЛЕҢ!

ӨМІР – МАЙДАН

Күнде шабыс, түнде шалыс...
Өмір – майдан шебінде,
Талайларға кетіп жатыр кегім де,
Біреулердің шекпенінде, шенінде
Қаным, терім менің де...
Құмға сінген судай болып сенім де
Жоғалады, тоналады күн сайын,
Соның үшін қай бейбаққа ұрсайын?
Қай біреулер ұмытады өз атын –
Темірге ұқсап үйкелістен тозатын.
Басы жұмыр пендемін,
Бәлкім-бәлкім көп нәрсеге кендемін,
Тозар солай, тозар қамал-шебім де,
Мәңгі тұрар ештеңе жоқ тегінде.

Майдан, майдан... Тек соғыста болады
Десе біреу, түсінбепті ол әлі,
Ақпан, қаңтар айларында ыстықтап,
Тамыз бенен шілдеде де тоңады,
Мандайының арылмаған соры әрі.

Кейде тіпті мылтықсыз,
Нысанаға ап мүлтіксіз

Жаһаннамға аттандырып жатады.
Дос боп жүріп, сырттан алдап сатады.
Болмаса да алым-берім шатағы,
Ғажап бәрі, ғажап сырттай қараса,
Егер жауын қаласа...
Қапылыста мылтықсыз-ақ атады.

Өмір-майдан шебінде –
Тауда, суда, құмда және құрлықта...
Зұлымдыққа, сұмдыққа,
Жатып атар қулыққа...
Болмағаннан икемім де, ебім де
Талайларға кетіпті есем менің де.

Талай мәрте жүрегімнен қан да ақты,
Талай мәрте тістеп қалдым бармақты,
Бір жіберген қателігім өңін сәл-сәл өзгертіп,
Соңына ылғи гу-гулеген сөз ертіп,
Басқа тұстан шыға келді, алдапты.

Өмір майдан қапы кетер кезіңді
Іздейді екен, соны жаным сезінді.
Біреулерге жақындасам қаншама,
Біреулерден сонша қашып-безіндім.

СЫНАМА

Алдым да жар,
Артым да жар, құлама...
Шешінген жан судан қорқып тұра ма?
Бәрін өзің менен артық білесің,
Біле тұрып, отқа салып сынама.

Өзің болып бақыт дейтін құс күнде,
Жүр айналып қақ төбемнің үстінде.
Сол құсымды қондыра алмай қолыма,
Тағдыр құрған қыл тұзаққа түстім бе?

Тіршіліктің бізге ұсынар «сыйы» мың...
Көрдің бе еді «сыйының» сол сиығын.
Таусылмайтын тарам-тарам жолдардың,
Алдыма әкеп тартады ылғи тұйығын.
Арманым ең көңілімнен күй ұққан,
Керек кезде өз қанымнан құйып қан
Бере аламын,
Таң жұлдызым өзің боп,
Шығарып ал тірелгенде тұйықтан.

Өзің болып кезігердей алдан бақ,
Адамға айтпай жүрдім іштей армандап.
Тағы міне тағдырыма қол создым,
Суға кетер бейбақтайын тал қармап.
Алдым да жар,
Артым да жар, құлама...
Көре тұрып, біле тұрып сынама!

СЫРТЫ БАЗАР ҮЙІМНІҢ...

Сырты базар үйімнің, іші базар,
Үлкен базар қайнаған, кіші базар...
Тәңірегім кіл сауда, сауда, сауда...
Періште болам деген кісі де азар!

Алдап сатып,
Біреуден алдап алып,
Күнге жеттік ұтсам деп жан бағарлық.
Өңім түгіл түсіме кіріп-шықпас
Тірлік кешіп келеміз таң қаларлық!

Сағасынан сүңгіні қанға малып,
Барымтамен жан кешіп малды аларлық,
Жауым да жоқ, бітіспес дауым да жоқ,
Жоққа беріп жүрердей, бардан алып.

Бір қарасам, тірлігім қызығарлық,
Шын қаласақ, түсіріп қызып алдық.

Жер басып сау жүргенім – бұл да сауда,
Жұмбақ әлем, белгі жоқ біз ұғарлық!

Жан күйе ме егіліп, ол да – сауда,
Жар сүйе ме беріліп, ол да – сауда...
Біреулерді біреулер алдап кетсе,
Жау алғандай жалпақ ел той жасауда.

Сыртым түгіл, кеудемнің іші базар,
Базар қуып жүргеннен ісім азар.
Дөңгелегі дәуірдің тұр айналып,
Тоқтата алмас енді оның күшін ажал.

Жас қылғаннан, адамды мас қылғаннан,
Толасы жоқ тоқтамас тасқынды арман.
Қайда апарып соғады «тақсыр-жалған»,
Амалым жоқ қолымнан келер басқа,
Тағдырымды Аллаға тапсырғаннан.

1994

* * *

Қалғандарым,
Жоғалтып алғандарым...
Көп-ақ екен, айта алсам арман бәрін.
Ой-безбенге салмаппын салмақпенен,
Өмірімнің ақиқат, жалғандарын...

Қараны да ақ деппін, адасыппын,
Таласпайтын тұста да таласыппын.
Жөнсізімді жосықсыз жөн көрем деп,
Көкіректеп көпке де дара шықтым.

Үміт семіп, ой кеміп, сезім де өлді...
Ақты қара жеңгенін көзім көрді.
Қарсы қойып өзіме-өзімді енді,
Тірі жүріп өлген де кезім болды.

Ойдың да ортайғаны – қартайғаның,
Білемін нұрлы беттен әр тайғанын.
Өткенді санаменен санап тұрып,
Армандай түседі еске қай қайдағың.

Санамда бәрін-бәрін салмақтағам,
Жұбанышым – кезім жоқ арды аттаған.
Өмірге де өкпе айтар жан емеспін,
Өтеді әркім, шәйтан боп қалмақ па адам.
Мәңгіліктің заңы, осы, күнім жетсе,
Өлімге де қыранша самғап барам!

1995

КӨП ОЙЛАНАМ

Мен де тоқпын, ол да тоқ, тоқ айналам –
өзен-көлім, тау-тасым, тоғай-далам...
Тоқ жүріп-ақ бір-бірін тонайды адам,
Бір-біріне дос, бауыр деп үйреткен
Заман қайда, заң қайда?..
Көп ойланам.

Ұл ер жеткен, қыз өскен, мені үйреткен,
Енді-енді ұғып келемін елімді еппен.
Түлкі бұлаң заманның амалы көп,
Тарқамай жүр іштегі шерім көптен.

Тарқамай жүр іштегі шерім көптен,
Қуаң тартып барады жерім – көктем.
Биліктің қыл шылбырын қатын ұстап,
Емін-еркін жайына келін кеткен.

Бір басыма орнардай заманақыр,
Ми шайқалып, ортайып барады ақыл.
Қызығына қиналып қара да тұр,
Көкіректе жазылмас жара жатыр.

Мен де тоқпын, ол да тоқ, тоқ айналам...
Айналамның бәрі тоқ, тоғайды Адам.
Қарыны тоқ, араны аштар қаптап
Кетпеді ме екен деп көп ойланам.

БЕКЕР БӘРІ

Жазылмаған өмірдің заңдылығы
Сәл бұрын да, кеше де, алдыңқүні...
Соған ғана бас иді, басқаға емес
Тына қалып тірліктің бар дүбірі.

Оқығаным басқа-ды кітаптардан,
Дүниеқор жан емен шыт ақтарған.
Шындық шыңы қалайша аласарып,
Әділеттің ауылы жұтап қалған?

Мүмкін емес, сенгем жоқ, сенбеймін де...
Ағып кетем бағытсыз сендей мүлде.
Әділетті әбілет жеңер болса,
Адамшылық тап болмақ нендей күйге?

Ардың туын түсіріп, ластаған,
Өтірікті шындық деп растаған,
Жандайшаптар жаудан да қауіптірек,
Шындық сырын сезінбес шың аспаған.

Бекер, бекер, бәрі де бекершілік,
Жауыз жалған тірліктен өтер шіріп.
Адамдардың жолына жуа екпесек,
Өзен-өмір арнадан кетер шығып.

Кетер шығып бар дүние қалыбынан,
Запа шегер Жақсылық-жалын ұлан,
Опасыздар олжа іздер тағы бұдан,
Тұрлауы жоқ тірліктің керегі не,
Нұрланбаса Әділет жарығынан!

БЕЛГІЛІ БОЛУ ҚИЫН БА?..

Белгілі болу,
Белгілі болу қиын ба,
Орайын тауып кіріп алсаң бір ұйымға.
Талай тағдырды қаңбақша іліп әкетер
Қозғай алмайды дауыл да, жел де, құйын да...

Көріп те жүрміз белгілі болған талайды,
Белгілі болсаң, тезірек атың тарайды.
Жырыңды білмес,
Сырыңды білмес ағайын
Айғақтап тұрар анықтамаңа қарайды.

Алтын ба, мыс па... Асылың қандай ішіңде –
Тіршілігіңе тірек қылардай күшің не?
Түңілдірместей жылылық бар ма түсіңде,
Сырын білместей ұлылық бар ма ісіңде?

Бір-бірімен де санасып ешкім жатпайды,
Қажеті бар ма қажет деп білсе, жақтайды,
Көзге ұрып тұрса, кемшілігіңді "таппайды",
Сөз біліп тұрса, майын тамызып мақтайды.

Біліп ал, бауырым, орайы келсе біліп ал,
Пендешіліктің түсі суық та, тілі – бал.
Тірліктің әркім көре бермейтін тіні бар,
Дауыл тұрса да, жауын ұрса да тоңдырмас,
Жылы қолтықтар табыла қалса, кіріп ал.

Алланы қойып, соларға ғана сыйын да,
Боранға ықпа, жеткізбе желге, құйынға.
Айбының асып, артады құрмет-сыйың да,
Белгілі болу соқпайды сонша қиынға.

Солай, бауырым!
Қатырып басты не етесің?
Қыран болмай-ақ қиянға самғап жетесің,

Біреулер тіпті қыздырамын деп шекесін,
Саудаға салып жүреді кейде некесін.
Қайтерің күйттеп "белгілі" деген – бергіні,
Орайын тапсаң "көрінекті" боп та кетесің.

БӘРІ ЖАЛҒАН

Бәрі жалған,
Дүниеде бәрі жалған...
Жалған әлем қамалап жалығар жан.
Алтын, күміс, ақыққа... бөлесе де,
Бір пендені көрмедім жаны қалған.

Бәрі жалған,
Дүниеде бәрі жалған...
Жалғандығын не пайда танығаннан.
Тағдырдан тұлпар мініп қашқанда да,
Бір пендені көрмедім жаны қалған.

Бәрі жалған,
Дүниеде бәрі жалған...
Күн сайын күткенменен таңың алдан,
Қу түлкідей құйрығын ұстатпайды,
Бұлдырап бұлаң қаққан сағым-арман.

Бұлдырап бұлаң қаққан сағым-арман,
Бір қыр ассаң шығады тағы да алдан.
Алдамшы бұл тірліктің бар тылсымы,
Қысқасы,
Дүниенің бәрі жалған!

АРНАЛҒАН АЛҒЫСПЕНЕН...

Оранып қошаметпен күнде гүлге,
Жастықтың желеуімен жүргенімде,
Анамдай ана болған, пана болған
Білдім бе қадіріңді, білмедім бе?

Атқанда нұрға оранып арай таңым,
Шұғыладай дүниеге тарайды әнім.
Сен тыңдап отыр ма деп сол сәттерде,
Сәбидей алаңдаймын, қарайлаймын.

Жетелеп арман-қиял атымды алға,
Алатау биігіне шақырғанда,
Тәңірдей табынарым өзің ғана
Ең қымбат туыстан да, жақыннан да...

Тәңірдей дүниеде табынармын,
Өзіңе шын берілген жаным, арым.
Қасыңда жүрсем еркін еркелеймін,
Сәл шырқап шалғай кетсем сағынамын.

Жалғасып күн артынан күн келеді,
Қызғалдақ таң нұрымен гүлденеді.
Қуанып жас балаша сен болмасаң,
Жан апа, соның бәрін кім көреді?

Арналған алғыспенен шырын әнім,
Балаңның айтар шыны, сыры мәлім.
Шілдеде көлеңкеңнен сая тауып,
Қаңтарда мейіріңнен жылынамын,
Жы-лы-на-мын!

БІР-АҚ КҮН

Бір-ақ күнде,
Бәрі де бір-ақ күнде –
Не әкеледі сол бір күн бірақ кімге?
Сәті келсе бір күнде бағың жанып,
Бәйшешектей құлпырып гүл аттым де.

Бақ-талайы жігіттің –
Көрсе нені,
Бір күнде адам қаншама жол шегеді?
Бәлкім мына жалғанның жақсылығы
Бір күндік биігіңмен өлшенеді.

Бір-ақ күн!
Бәрі, бәрі... бір-ақ күнде,
Бағыңды сол бір күнге сынаттым де.
Қара жер қайысардай қасіретіңді
«Бөліс!» деп айта аларсың жылап кімге?

Дүние тұтас мұнартып жанарыңда,
Кезіктірер сол бір күн нала-мұңға.
Жалғыз қалған бейбақтай сезінесің
Мәңгілік «Барса келмес» аралында.

Бір-ақ күн – тіршіліктің бар сенері,
Бір күнде көл семеді,
Тау шөгеді...
Қадірін сол бір күннің білмеген жан
Болса да өн бойында қанша өнері,
Өкініп өмір бойы зар шегеді.

Бір-ақ күн!
Бәрі, бәрі... бір-ақ күнде,
Сол бір күн жеткізбестей жырақ мүлде.
Бағың жанса –
Маздаған шырақпын де,
Шырағың жанбай қалса жылап кімге
Барасың?
Бәрі, бәрі... бір-ақ күнде!..

ЕЛЕҢДЕ, КӨҢІЛІМ

Қаншаға келдім, сұрама,
Сұрама бүйтіп, сынама.
Жылменен өлшеу – ағаттық
Адамның жасын сірә да.

Қаншаға келдім, сұрама,
Тоқтау сал сәл-сәл шұбаңа.
Айналамменен салыстыр,
Бірі – іні жұрттың, бірі – аға.

Алыспақ ойнап, жұлыспақ...
Жиырмадан астым жылыстап...
Жиырма бесімде белдесіп,
Отызда жүрдім Ту ұстап.

Тартыста қайтпай меселім,
Отыздың отты бесеуін
Алаңсыз артта қалдырдым,
Ол да енді менің кешегім.

Шыдар кез шындап шынықсақ,
Ұғар кез бәрін шын ұқсақ.
Қырықта-дағы қиқулап
Асауға жүрдік құрық сап.

Елуден астық, елуден,
Басылды көңіл елірген.
Жүдеді жүрек семірген,
Арылды кеудем желінен.

Ұрғылап жардың кемерін,
Дауыл боп соққан жел едім.
Адуын мінез азайып,
Алпысқа таяп келемін.

Білдірмес бөрі арығын,
Қамығып қайтем, жарығым.
Жиырма бес емес, қырықтың
Енді ұққандаймын қадірін.

Өтер күн сенен, менен де,
Еленде, көңілім, елеңде.
Қызығып ертең қарармыз,
40 емес, 50 дегенге,
Еленде, көңілім елеңде.

ӨЗІМІЗ

Жақсыны да, жаманды да көп көрген,
Бәрін, бәрін бастарынан өткерген,
Қара нардай әкелер-ай әулие
Сүйреп жүріп осынау күнге жеткерген.

Шыңдағы арман – замандардың іздері,
Құмда қалған адамдардың іздері.
Барлық белгі – әкелердің көздері,
Жақсылықтан саңлау болса біздегі.

Бойымызда бар ма бұла күш деген,
Қиял бар ма көкте құсты тістеген,
Қалған белгі әкелердің әулие,
Біреуі де төбемізден түспеген.

Кеткен солай бәрімізді Адам ғып,
Көңілімізді көп нәрсеге алаң ғып.
Ойымызды керенаулау шабан ғып,
Алсақ бәрі өзіміздің жамандық.

Шым-шытырық шығып жатса сөзіміз,
Іріп жатса, шіріп жатса бөзіміз.
Көрмейтінді көре берсе көзіміз,
Көнеленсе сүрлеу-соқпақ болып із,
Соңың бәрі ерлік емес, ездіктен
Бар жақсыны жоғалтатын өзіміз.

ӨЗІҢДЕ ЕМЕС ӨЗ ЕРКІҢ

Ой ортайып, ми қартайып, күш кеміп...
Өзіңді өзің танымастай тістеніп,
Ұзақ таңға кірпіктерің айқаспай,
Қалғып кетсең, дөңбекшисің түс көріп.

Құс мамықта рақаттанып жата алмай,
Таң да саған сағындырып атардай.

9-64

Төсегіңе тас толтырып қойғандай,
Жамбасыңа кесек болып батардай.

Рас, адам тіршілікке тоймайды,
Біреуге той, біреулерге ой қайғы.
Тәңірінен ұзақ ғұмыр сұраған
Пенде шіркін, біле алмадым, не ойлайды?

Тасбақа да, мың жасаған қарға да...
Сол ғұмырда қандай мағына бар баға?
Ездің емес, ердің тіршілігін бер
Деп құлдық ұр, құлдық ұрсаң аллаға.

Әу бастан-ақ өлшеулі адам тірлігі,
Аз еді деп айта алады кім мұны?
Қыршын ғұмыр,
Сол ғұмырда ұққанға
Ұлағат пен ұлылықтың бірлігі.

Айта берсең,
Ғибрат көп, мысал көп,
Өрелі ойды өзімшілдік тұсар кеп.
Қиялыңның қос қанаты қайрылып,
Үша алмайсың кейде биік ұшам деп.

Бір қарасаң –
Ойың еркін, сөз еркін...
Еркіндіктен тірлігінде безер кім?
Құрық үзіп кетпесіңді қияндап,
Жүр қиялдап, өзір оны сезер күн,
Бәрібір де өзіңде емес өз еркің!

Ештеңе де сұрама,
Ештеңе де сұрама бүгін менен,
Жақсы, жаман ... білмеймін түгін де мен.
Шуақ құйсаң болғаны жүрегіме
Жанарыңмен аймалап күлімдеген.

Тірлік жайлы, ел жайлы, қоғам жайлы...
Ештеңе жоқ ойласам одан жайлы.
Бірақ бүгін солардың біреуі де
Жүрегіме жұбаныш бола алмайды.

Моп-момақан жатқанмен дала сұлық,
Тұлпарымды белдеуде тақ асырып,
Шығардаймын бір жойқын шабуылға
Жүрек тыным бермейді аласұрып.

Жүрек тыным бермейді аласұрып,
Қармап алған жанымды қара суық.
Тілемей-ақ қояйын басқа тілек,
Көңілімнің кішкентай наласын ұқ.

Ештеңе де сұрама басқа менен,
Бірдеймін қамсыз-мұңсыз жас баламен.
Бәрін-бәрін ұмытып кеткендеймін,
Төңкеріліп жатса да аспан-елем.

Көшіп жатса дүние дүбірлеген,
Қарама оған, жаныма үңіл дер ем.
Шуақ құйсаң болғаны жүрегіме
Жанарыңмен аймалап күлімдеген.
Басқа ештеңе сұрама бүгін менен!..

САҚ ЖҮРШІ

Аңыз бенен шындықтың ара жігін
Ажырата аласың ба, қара, күнім.
Ақ, қараның көресін бәрін бірдей,
Жаның гүлдей баяғы балалығың.

Әрі сұлу, сүйкімді, әрі әдемі,
Тіршіліктің көрінбей қара меңі,
Айналаңның бәрі аппақ айдай болып
Жүре берсең, құлыным, жарар еді.

Таңы жарық арайлы таңымыздай,
Сырты сұлу болғанмен, жаны мұздай,
Аярлықтан сақ жүрші, айналайын,
Жүрегің – нұр үлбірек ақ уыздай!

КЕШІРСІН ТӘҢІРІМ

Ұйқыдан шошып оянып жынданған
жандай күнбе-күн,
Инемен құдық қазғандай қопарып
бақтым жыр кенін.
Өзіме бәрі осалдай опырып ойдан алғаным,
Былайғы жұртқа қаншалық құны бар,
оны білмедім.

Қаншалық құны, қадірі?
Айта алман оны, білмедім,
Шыңыраудан тартып шығардым
бірде қуаныш, бірде мұң.
Таразы басын тең басып қалтылдап
тұрған тәрізді
Мына тірліктің пенде боп
жылағаны мен күлгенім.

Ақынға біткен осалдық –
мақтаудан бәрі дәмелі,
Сыналып жатса әзірдей оған да
себеп-дәлелі.
Халқым деп сөйлеп «қамқорсып»
көкірек ұрып жүргенде
«Ұлым!» – деп жатса шіркінді
жарасар еді-ау бар елі.

Өзім де көптің бірімін –
Не айтуды кейде білмедім,
Айтар-ақ едім, сөзімді ескеріп
жатыр кім менің?

Арнаға сыймай шашырап кететін
жылға-жылғамен
Сұраусыз судай сылдырап ағады
сынап-күндерім.

Айтайын деп те айтпайсың
орынсыз тұста секеңдеп,
Топырыш торы тірлігім жай-күйін
білер тепең көк.
Үндесең оны білгеннен
айтып тұр осы демейді,
Үндемей қалсаң ойлайды тұк білмес
топас екен деп.

Анадан тудым мен де ұл боп,
осы жұрт соны біле ме-ей?
Біреулер тұк те тындырмай
сүт бетіндегі кілегей.
Маңдайға басқан мөрі жоқ,
сонда да тани қоясың,
Мына тірлікте төңірге кім жақын,
кім жат, кім өгей.

Баянсыз ғұмыр өтеді одан да,
сенен, менен де...
Кетпейтін болса бақиға,
фәниге жылап келер ме?
Кешірсін төңірім кешірсін,
күпірлік етсе пендесін
Сене алмай қалам Аллекем баршаға
бірдей дегенге.

ҰҚҚАНҒА...

Ұққанға сыртым да – өлең, ішім де – өлең,
Шабытын от-ошақтан түсірмеген,
Әр-әркім тіршілікте түсінбеген,
Ақынның маңдайына жазғаны сол,

Қалғып кетсем,
Көрерім – түсімде өлең.

Қиялды қияндармен жарыстырып,
Жақсылық, жамандықты салыстырып,
Жүреді тірлігінде тыным алмай
Кетіскен екі досты табыстырып.
Біле алмай қалғандығын кімге жазып,
Мұңайса мұң шағады гүлге нәзік.
Кей-кейде Қожанасыр секілденіп.
Өз көрін өзгелермен бірге қазып...

Өлең бе?
Бола алмайды табыс ол да,
Ақынның жаралғандай жаны сорға.
Кедей боп қатарынан кем жүрсе де,
Тағдырдан таңдап тапқан бағы сонда.

Санамда санағанмен өнерді азық,
Көсіліп көрген жоқпын өрем жазып.
Сиқырдай сылаңдаған еркін алып,
Ақынды билей берер өнер-нәзік
Барлығы ол дүниенің рас болса,
Жатармын өлгенде де өлең жазып.

Іні сұрағына орай
Деймісің бұл ағаңа – қалың қалай?
Жіліктеп айтам, жаным, бәрін қалай,
Алысар ауыздықпен асау күн жоқ,
Тартамыз тағдыр жүгін арындамай.

Көтеріп, хоштаметтеп қос ағасын,
Жүреміз арыннан қол босағасын.
Шал болып шау тартқан бұл шағымызда
Күзетіп ұйғыр, корей босағасын.

Қазақтың қара шаңырақ Одағы еді,
Арнасы арманымның толы-ақ еді.

Басқаға барымыздың бәрін беріп,
Өзіміз сырт қалмасақ болар еді.

Күйбің-күйбің көңілге күй келмеген,
Ашиды тұз басқандай күйген денем.
Төрдегі басымызды доп қып ойнап,
Келеміз есік жаққа сүйреуменен.
Көңіл шерден, бас ойдан босағасын,
Жақсы, жаман... бәрін де хош аласың.
Өзім де ұқпай, өзгеге де ұқтыра алмай,
Келемін түсіне алмай осы арасын.

Қапы жоқ басшылықтың шешімінде,
Тілімнің тартып жүрмін кесірін де.
Құрметті демалысқа кетер ме екем
Отырып өркімдердің есігінде.

БІРГЕ КЕТЕР

О, ғаламат,
Бар ма екен өнерде азық,
Инеменен құдық та көрем қазып.
Ұйқтағанда түсімде түніменен
Жынды адамдай жатамын өлең жазып.

Жазғанымды мың түзеп, мың өшіріп,
Алған жандай өзіме тым өшігіп.
Сау басыма жүргендей сақина іздеп,
Таңда мең-зең тұрамын түгесіліп.

Бергеніңе мың шүкір ғой Аллам-ай,
Ортаймаған көңілім толы арнадай.
Құдай берген «бақыттан» бойды аулақ сап,
Іздеп тапқан азапты қоям қалай?

Алас-күлес алмасып күндер өтер,
Бірегей бақ тірлікте кімге жетер?

Құдай берген өнерім – өлеңім де,
Бейнетім мен рақатым бірге келген...
О дүниеге де өзіммен бірге кетер.

КІНДІГІМ БІР

Күзгі бақтай құлазыған жүрегім,
Өзім де сол құлазыдым, жүдедім.
Сырласым да, мұндасым да – жырларым,
Ол таппаса, таба алады кім емін?

Сақтандырып алапаттан, дауылдан...
Сипаса тек сол сипады сауырдан.
Жырым ғана шырыл қағып, шарқ ұрып
Жүгіреді сәттерімде ауырған.

Шуағындай не көктемнің, не күздің,
Сыңарымдай, шынарымдай дегіздің.
Өлең-жырмен кіндігім бір жаралған –
Онсыз өмір сүре алмайтын егізбін.

Ауырса да, сауықса да жүрегім,
Табатұғын шын шипасын, шын емін
Дәрігер де, бақсы да емес – жанымда
Жанып шығар ЖЫРЛАРЫМ деп білемін!

ӨБЕКТЕУ

Алып бергін демеймін айды, алысты...
Қиял құсым қайда жайлап ұшты?
Менің көңіл-күйім де, құлыншағым,
Сенің көңіл күйіңмен байланысты.

Көз тимесе екен деп қарағыма,
Сөз тимесе екен деп жан, арына,
Жел тимесе екен деп тамағына,
Қарап жүрем сенің қас-қабағыңа.

Аяқ асты тарылып тілдей ғалам,
Кейде барын, бақытын білмейді адам.
Сен томпайып сәл ғана ренжісең,
Мен де сол сәт таусылып күлмей қалам.

Майда – мамық мамырда гүлдей далам,
Өзіңе де, маған да бірдей ғалам.
Сен есіктен жадырап, жайнап кірсең,
Кейіп келген сәтімді білмей қалам.
Кейістігім қайда ұшты, білмей қалам,
Көрінесің жан желпір гүлдей маған.
Сенің құйттай жаныңа нұр құйсам деп,
Жаным шалқып заматта күнге айналам.

Күнге айналам, құланым, күнге айналам,
Сені тәңірім берген жоқ білмей маған.
Өзің болсаң, өмірдің қыс пен жазы –
Бәрі шуақ, бәрі де бірдей, балам.

Кейде шығып, түсемін өрден кей күн,
Балам барда орыным төрден деймін.
Сен арқылы пейіштің нұрлы төрін
Еркін жүріп өңімде-ақ көргендеймін.

Қуанышым, құлыным, көл-көсір көп,
Саған да айтам «Ұлыңды оңды өсір» – деп.
Атам кейде ұяттан өлмесін деп,
Тамам елдің алдында асқақтатып,
Қарт басымды келесің өрге сүйреп.
Рахмет!..

САҚТАП ЖҮРСЕ БОЛҒАНЫ

Сен ол жақта жете алмай маған қарай,
Мен бұл жақта жете алмай саған қарай,
Қос көзіміз төрт болып, боталанып,
Күн өткізер екенбіз қалай-қалай?

Біздің күйді айтсаң кім тыңдар, жаным,
«Ата»– деген үніңде мұң бар жаным.
Ауырмағанның ісі жоқ алламенен,
Кеудемізде арбасқан ызғар-жалын.

Ерден! Ерден!
Құлыным,
Ерке елігім!..
Елден ерек жарасқан еркелігің.
Саған деген жанымның сағынышын
Мен жоқ болсам, күй қылып шертеді кім?

Алабөтен қуандым сен туғанда,
Қуанбасқа, құдай-ау, еркім бар ма?
Өзіңді ойлап сабама қайта түсем,
Алай-дүлей жанымда жел тұрғанда.

Сені әкеңе,
Әкеңді жалған маған
Бере салған кезімде армандаған.
Жатпай-тұрмай алладан тілейтінім –
Сақтап жүрсе болғаны қарғамды аман!

КҮН САНАУ

Ұйықтап жатып дейсің аман тұрсам-ау,
Көздің алды кіл бұлыңғыр тұмшалау.
Алдың қысқа, артың ұзақ жеткізбес,
Кәріліктің бір белгісі – күн санау.

Күн санайсың, ай санайсың, санайсың...
Атқан таңды қазынаға балайсың.
Артың – құз жар, қайта оралғың келмейді,
Ал алдыңда бұлдырайды талай шың.

Бар секілді әлі де алар үлесің,
Бір бассаң да солай қарай жүресің.

Татар дәмің бітпеген соң әйтеуір,
Көппен бірге жылайсың да, күлесің.

Мына төбе, анау қырға бардың ба,
Сонау шыңға көтеріле алдың ба?
Тағы не бар күтіп тұрған алдыңда,
Қайратты едің, шыннан мұқап қалдың ба?!

Дөңбекшітіп тасқынына, селіне
Уақыт-сойқан мүжіді ме сені де?
Буырқынған бораны да, желі де
Сын болар ма ерегескен еріне.

Амал қанша бәріне де шыдайсың,
Ерлігіңді, өрлігіңді сынайсың.
Жылың, айың, күнің...бәрі бітеді,
Бәйтеректей бір мезетте құлайсың.

Ех, күн санау, тіршілікте күн санау,
Кейін қарап көңіліңді бір бұрсаң-ау.
Арман шіркін аяулыңдай тым ыстық
Дейсің: "Шіркін, әлі тұра тұрсам-ау!!!"

АРМАНЫМ, АМАН ЖҮРШІ...

Жалт өткен ұшқынынан жанарыңның
Іздерін іздеп келем бала күннің.
Өмірде аңсауменен айтып өтер,
Түйіні сен екенсің бар әнімнің.

Тоғысар арнасындай бар ағынның
Түйіні сен екенсің бал әнімнің.
Арманға асықтырған асып қырдан,
Қадірін сол күндердің жаңа білдім.

Еленделп сезім-сәби желге күнде,
Жанымды ән-бесікте тербетуде.

Бал күнді, бала күнді еске салар,
Арманым, аман жүрші жер бетінде!

БІР НӘЗІК ӘН

Ән салады жүрегім –
Бір нәзік ән,
Жаңа ашқандай қоймасын жыр қазынам.
Түсінбеске түк емес,
Түсінгенге...
Барым-арым,
Айтылған сыр-базынам.
Ақын ба сұлулықты түсінбеген,
Өңім тұрмақ,
Көремін түсімде мен.
Сені, жаным, жай ғана шебер емес,
Табиғаттың өз қолы мүсіндеген.

Табиғаттың өз қолы мүсіндеген,
Бір көлеңке,
Бір қылау түсірмеген.
Сені туу арқылы құдіреттің
Танытайын деген-ау күшін де ерен.

Бұл пәниде шын өнер қайталанбас,
Қайталанбас –
Жаның да жай таба алмас.
Кешір,
Бәлкім, сендегі сұлулықты
Менің жырым жеткізіп айта да алмас.

Артайын ба сол үшін жырыма өкпе.
Ұға алмадым,
Сендегі құдірет не?
Дүниенің бар сөзі тең келместей,
Кеудеме әкеп сен салған суретке.

Барым-арым,
Айтылған сыр-базынам,

Ән салғандай жүрегім,
Бір нәзік ән.
Түсінбеске түк емес,
Түсінгенге...
Жаңа ашқандай асылын жыр қазынам.

ТОЙЫҢА КЕЛДІК ЖЫР ҰСТАП

Кестелеп жырмен жеткізсем егер жұрт ойын,
Мереке тойың,
Береке тойың – бұл тойың!
Достықтың Туын тұрғандай биік көтеріп,
Ақ моншақ сынды шашылған шашу –
күлкі-ойын.

Лүпілдеп жүрек –
Махаббат дерті жеңгенде,
Дос-бауырлардың Аспаннан-дағы,
Жерден де:
„Ғашықтың тілі –
Тілсіз тіл мәңгі болғай!" – деп,
Ақ тілеулерін жаудырып жатыр Сендерге!

Махаббат – мерей!
Махаббат – мәңгі ырыс-бақ!
Маздаған алау от-сезімдермен тыныстап
Армансыз ғұмыр кешеді,
Міне, сол үшін
Құттықтай келдік тойыңа
жалау-жыр ұстап!

САҒЫНДЫҢ БА?

Қиялды сабылдырып сағым-қырда,
Жанынды малындырып жалын-нұрға.
Оңаша ой қуалап кеткен кезде,
Сен мені сағындың ба?

Құйғытып қиял-пырақ сағым қырда,
Кеудеңе гүлден алқа тағындың ба?
Бөгде біреу жанарын қадағанда,
Сен мені сағындың ба?

Жаныңды малындырып жалын-нұрға,
Төңірге құлдық ұрып табындың ба?
Көңілің құлазыған бір сәттерде,
Сен мені сағындың ба?

САҒЫМ-БЕЙНЕ


Күнде өтем,
Терезеңде гүл тұрады,
Бір бейне көлбеңдейді ілкім әрі.
Білмеймін сол бейненің кім екенін,
Көрсем деп көңіл шіркін ынтығады.

Сол бейне – ашылмаған жұмбақ әлі,
Жанымның содан ба екен жырлағаны.
Сығалап шәй перденің ар жағынан,
Сыналап саңлауынан кім қарады?

Сыналап саңлауынан кім қарады,
Көңілдің тарқамай тұр шырғалаңы.
Үф еткен сал самалдың лебіменен
Дірілдеп сағым-бейне ырғалады.

Күнде өтем,
Осы арадан күнде өтемін,
Аялап терезеңді – гүл мекенін.
Сезсең ғой менің нәзік жүрегімнің
Өзіңнің жүрегіңмен бірге екенін.

Құмарлық шында адамның жанын жей ме,
Атады сені ойлаумен таңым кейде.
Сығалап саңлауынан терезенің
Шақырып тұратындай сағым-бейне.



ТОЛҒАУЛАР



СЫРЛАСУ

(Толғау)

Мына жалған сыры көп біз ұқпаған,
Алмағайып айдында жүзіп барам.
Жүген-құрық тимеген бұла басым,
Баладаймын әрнені қызықтаған.

Тағдырымды қойса да сызып қалам,
Баладаймын әрнені қызықтаған.
Арыстан да мерт болар айға атылған –
Көрінбейді бәрі бір бұзық маған.

Бәрі мөлдір көрерім, білерім де,
Атырау ма, Арқа ма, Сыр елі ме...
Қамқорым көп қолпаштап қорғалаған,
